

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
"Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі" МКҚК

БЕКІТЕМІН
Директор м.а.  С.Кенжеғалиева
2022 ж. «30» »



Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім
басқармасының "Ж. Досмұхамедов атындағы
жоғары педагогикалық колледжі" МКҚК өзін-өзі бағалау
ҚОРЫТЫНДЫСЫ

ОРАЛ - 2022

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

1. Білім беру ұйымының толық атауы: Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының "Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

2. Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы): Батыс-Қазақстан облысы,
Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 173 үй

3. Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт): 8 (711) 2 24-03-72, 8 (711) 2 24-03-45, pedcollegezhd@mail.ru www.pedcollege.kz.

4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі):

Қосымша 1. Лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)

5. Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі):

Қосымша 2. Жарғы;

Қосымша 3. Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін акт;

Қосымша 4. МКҚК атауын өзгерту туралы Қаулы;

Қосымша 5. Колледждің техникалық паспорты;

6. Рұқсат беру құжаттары:

Қосымша 6. Білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша

Домендік атау: <https://pedcollegebko.edu.kz>

1. Колледждің жалпы сипаттамасы

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (әрі қарай Кәсіпорын) білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдық-құқықтық нысандағы мекеме ретінде құрылған заңды тұлға мәртебесіндегі коммерциялық емес ұйым болып есептеледі.
2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.
3. Құрылтайшы: Батыс Қазақстан облысы әкімдігі.
4. Өкілетті орын: Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы.

Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж — Қазақстан Республикасының ежелгі оқу орындарының бірі.

- 1913 жылы Батыс аймақта ашылған оқытушылар семинариясынан бастау алады. 1920 жылдары семинария базасында 4-жылдық педагогикалық техникум ашылды. Орал қаласында педагогикалық институттың ашылуына дейін педагогикалық техникум республика мен облыстағы бірден-бір оқу орны болып табылды;
- 1937 жылы педагогикалық техникум Орал педагогикалық училище болып өзгертілді. Ұлы Отан соғысы жылдарында училище Фурманов поселкесіне ауысты;
- 1957 жылы Орал педагогикалық институтында педагогикалық факультет (жоғары білімді бастауыш класс мұғалімдер және балабақша тәрбиешілерін даярлау факультеті) ашылуына байланысты педагогикалық училищеге қабылдау жүргізілмеді;
- 1967 жылы педагогикалық факультеттің жабылуына байланысты Орал педагогикалық училищесі қайтадан ашылды;
- 1994 жылы училище колледж статусына ие болды;
- 1998 жылы колледжге Қазақстанның белгілі қайраткері Жаһанша Досмұхамедов есімі берілді;
- 2000 жылы республикалық «Жыл колледжі»;
- 2009 жылы «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының үздігі» облыстық байқауларында I орынды иеленді;
- 2015 жыл Ұлттық бизнес-рейтингтер одағы (ҰБР) рейтингісі бойынша дамытудың таңдап алынған стратегиясының тиімділігінің нәтижесінде колледж «Сала көшбасшысы-2015» атағына ие болды.
- 2018 жылы Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж атағы берілді.

Бүгінгі таңда Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес әзірленген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім саласында мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаларын айқындайтын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітіліп қолданысқа енгізілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары және 23.11.2018 жылғы №КЗ54ЛА00013294 лицензиясы негізінде 9 мамандық, 15 біліктілік бойынша педагог мамандар даярлауда:

1. 01120100 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту:
 - 3W01120101 Тәрбиешінің көмекшісі
 - 4S01120102 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі
2. 01140800 Кәсіптік оқыту (салалар бойынша):
 - 4S01140801 Өндірістік оқыту шебері, техник (барлық атаулар бойынша)
3. 01140100 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі:
 - 4S01140101 Бастауыш білім беру мұғалімі
 - 4S01140102 Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі
 - 5AB01140101 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры
4. 01140200 Музыкалық білім беру:
 - 4S01140201 Мектепке дейінгі, бастауыш және негізгі орта білім берудің музыка мұғалімі
5. 01140500 Дене тәрбиесі және спорт:
 - 4S01140501 Дене тәрбиесі мұғалімі

4S01140503 Спорт жаттықтырушысы - оқытушы

6. 01140600 Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі:

4S01140601 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

4S01140602 Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі

4S01140605 Шетел тілі мұғалімі

5AB01140303 Шетел тілін оқытудың педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры

7. 01140700 Информатика:

4S01140701 Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі

8. 01140400 Өзін-өзі тану:

4S01140401 Бастауыш және негізгі орта білім берудің өзін-өзі тану мұғалімі

9. 01140300 Көркем еңбек:

4S01140301 Көркем еңбек мұғалімі


Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж – бәсекеге қабілетті сапалы педагог кадрларды даярлауда Республикаға белгілі оқу орны. Колледж – Қазақстан Республикасының білім беру нарығындағы педагогикалық кадрларды даярлауда көшбасшылыққа, қарқынды түрде даму үстіндегі материалдық-техникалық базаға, заманауи оқыту түрлерін енгізуде инновацияларды қолданатын алдыңғы қатарлы отандық және шетелдік білім беру ұйымдарымен белсенді және тең құқылы серіктестікке, оқытушылардың педагогикалық және ғылыми біліктілігін арттырудың дамыту жүйесіне ие оқу мекемесі. Колледж ұсынатын кәсіби білім беру қызметтері студенттердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете алады.

Колледждің білім саласындағы қызметінің негізгі мақсаты - Қолжетімді және сапалы білім беру қызметтерін ұсынатын инновациялық педагогикалық колледж болу.

Колледж миссиясы – Отандық және шетелдік үздік тәжірибелерді ескере отырып, Қазақстанның педагогикалық әлеуетін дамытуға үлес қосуға қабілетті тұлғалық және кәсіби қасиеттері жоғары деңгейдегі мамандарды дайындау.

2022-2023 оқу жылында колледжде 1745 студент білім алууда, оның ішінде: 1661 күндізгі, 84 сырттай оқу бөлімінде және – 1020 бюджеттік негізде, 641 – ақылы негізінде.

Студенттер контингенті туралы салыстырмалы мәлімет:



Еліміздің білім саласына кәсіби құзіретті маман дайындау, кәсіптік білім берудің мазмұны мен формасына жаңашыл өзгерістер енгізу, сапалы білімге деген жалпыға бірдей қолжетімділікті туғызу мақсатында колледждің материалдық-техникалық жағдайы

жетілдіріліп, дәрісханалар, зертханалар-дың оқу-әдістемелік, дидактикалық кешендері заман талабына сай толықтырылды.

Колледжде 54 оқу кабинеттері жұмыс істейді, оның ішінде 3 - жалпы білім беру кабинеттері, сондай-ақ 3 зертхана, 2 шеберхана, 3 компьютерлік сынып, аудитория-адалдық алаңы, оқу залы бар кітапхана, лицензияланған медициналық кабинет, спортзал бар.

Колледжде заманауи компьютерлермен жабдықталған 3 ақпараттық-компьютерлік сыныптар бар. 7 интерактивті тақтамен және 20 мультимедиялық проектормен жабдықталған дәрісханалар жұмыс жасайды, оларды оқытушылар оқу процесінде белсенді пайдаланады. Барлық кабинеттерге интернет желісі өткізілген, интернет жылдамдығы 30 Мг/с.

Желі арқылы жүргізілетін бағдарламалар орнатылған.

Олар:

1. «Net Speakerphon» чат бағдарламасы. Бұл бағдарлама арқылы колледж әкімшілігі құжаттарды желі арқылы жедел алмасады және хабарласа алады;

2. «Кабис» кітапханаға арналған автоматтандырылған-ақпараттық жүйесі;

3. Оқу процесінің мониторинг жүйесі – бұл жүйе арқылы колледж директоры, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, директордың ғылыми инновация жұмысы бойынша орынбасары, оқу жымысының меңгерушісі, бөлім меңгерушілері колледждің әр дәрісханасын бейне камералар арқылы қадағалайды;

5. Локальді жүйе арқылы тестік бағдарлама бойынша студенттердің кез келген пәннен білім сапасы қадағаланады;

6. Колледж желісі қауіпсіздігін қадағалау үшін сервер арқылы басқарылатын антивирус жүйесі орнатылған.

Оқу үрдісінде ақпараттық-компьютерлік технологиялар, электрондық оқулықтар, мультимедиялық, лингафондық құралдары кеңінен қолданылуда. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасының міндеттеріне сай колледжде білім берудегі менеджмент жетілдіріліп, оқу үрдісі автоматтандырылған. Ақпарат дамудың деңгейін анықтайтын ресурсқа айналып, ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, мәлімет өңдеу мен оны тасымалдау ісін атқару - жоғары дамудың қажетті шарты болып табылады. Колледжде жедел басқару, менеджментті жетілдіру, электрондық құжат айналымын іске асыру мақсатында локальдік жүйе (арнайы чат), ішкі радио желілері қосылып, тиімді пайдаланылуда. Колледжде оқу процесін мониторинглеудің электрондық жүйесі іске қосылған, бұл жүйе арқылы колледж директоры, директор орынбасарлары, колледж әдіскері әр дәрісхананы камералар арқылы қадағалауға мүмкіндік алады.

2020 жылы колледж институционалды және 5 мамандық бойынша мамандандырылған аккредиттеудеу өтті.

Қосымша 7. Аккредиттеуден өткен куәліктер .

2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары:

1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мазмұнына қойылатын талаптар:

1) Білім беру ұйымдарының жылдық жұмыс жоспарының болуы және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің міндеттеріне сәйкестігі.

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж» МКҚК соңғы жылдары кәсіби білім нарығында өз қызметін төмендегі құжаттарға сәйкес жүргізді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған

мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» № 988 қаулысына сәйкес Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж» МКҚК –да білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасы» бекітілді (*стратегиялық бағдарлама қоса беріледі*).

Қосымша 8. Колледждің стратегиялық даму бағдарламасы

Миссия. мақсат. стратегиялық мақсат. құндылықтар. жұмыс істеу қағидаттары:

МИССИЯ

Отандық және шетелдік үздік тәжірибелерді ескере отырып, Қазақстанның педагогикалық әлеуетін дамытуға үлес қосуға қабілетті тұлғалық және кәсіби қасиеттері жоғары деңгейдегі мамандарды дайындау.

БОЛЖАМ

1. Колледж:

- техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіндегі педагог мамандарды дайындаудағы көшбасшы;
- еліміздің педагогикалық колледждеріне арналған оқу бағдарламаларын әзірлеу және жетілдіру орталығы;
- педагог мамандарға әдістемелік қолдау көрсету және қашықтықтан оқыту ресурстық орталығы.

2. Колледждің педагогтары – үш тілді білетін, IT технологияларын жетік меңгерген, оқу мен оқытудың инновациялық технологияларын қолданатын, өз тәжірибесін жақсарту үшін зерттеулер жүргізетін кәсіпқой мамандар тобы.

3. Колледждің білім беру ортасы заманауи, қолайлы және қолжетімді, әртүрлі оқу ресурстары мен инновациялық технологияларды қамтиды.

4. Колледж түлектері заманауи педагогикалық әдістер мен технологияларды, екі/үш тілді меңгерген, еңбек нарығында сұранысқа ие жеке қасиеттері жоғары деңгейдегі кәсіпқойлар.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ

Қолжетімді және сапалы білім беру қызметтерін ұсынатын инновациялық педагогикалық колледж болу.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Отансүйгіштік

Қатысушылық

Мейірімділік

Сенім

Инновациялар

Ынтымақтастық

Қатысушылық, мейірімділік және сенім – біздің бірігіп істейтін жұмысымыздың негізі. Инновациялар мен ынтымақтастық біздің болашағымызды анықтайтын идеяларды зерттеуге және оларды іске асыруға мүмкіндік береді.

ЖҰМЫС ІСТЕУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Колледж өз қызметінде келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

1. Заңдылық

Колледж өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңына, ҚР Президенті мен Үкіметінің актілеріне, МЖМБС және басқа да нормативтік құжаттарға қатаң сәйкестікте жүзеге асырады.

2. Инновациялылық

Колледж жаңа технологияларды енгізуге және қолданыстағы технологиялар, әдістер, құралдар және білім беру үдерісінің формаларын жетілдіруге талпынады.

3. Ынтымақтастық және қатысушылық

Колледж еліміздегі және шетелдік серіктестермен ынтымақтасу арқылы педагог мамандардың шығармашылық ойлау қабілетін үздіксіз дамытуға жағдайлар жасайды, педагог

қызметкерлердің біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыруды қамтамасыз етеді, педагог мамандар құрамының ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіреді.

4. Ашықтық

Колледж басқарушылық шешімдер мен өзге де шешімдердің ашықтығын қамтамасыз етететін шаралар кешенін анықтайтын негізгі идея ретінде ашықтық қағидатын ұстанады. Колледждің қызметі туралы барлық ақпарат қоғам үшін қолжетімді.

Колледждің стратегиялық даму бағдарламасы негізінде әр оқу жылына кешенді жылдық жұмыс жоспарын әзірлеп, колледж басшысы бекітеді. Әр оқу жылының соңғы педагогикалық кеңес отырысында кешенді білім бағдарламасының орындалуы жөнінде есептер тыңдалады, яғни мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының, жұмыс-оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуы, педагогикалық практика, тәрбие жоспарының орындалуы, ғылыми-инновациялық жұмыстардың орындалуы қаралады. Сонымен қатар келесі оқу жылына колледж ұжымының ғылыми-әдістемелік тақырыбы талқыланып, бекітіледі. Биылғы оқу жылының тақырыбы «ҚР техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының академиялық еркіндік негізінде кредиттік-модульдік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру жолдары».

Кешенді жұмыс жоспарынан бағыттар бойынша айлық жоспарлар жасалып, жүзеге асырылады. Кешенді жылдық жоспар мазмұнына:

- өткен оқу жылдың мақсаттық индикаторлар нәтижесі мен атқарылған жұмыстардың SWOT-талдамасы;

- колледж кеңестерінің жоспарлары;

- білім стандарты мен оқу бағдарламаларын іске асыру;

- кәсіби бағдар беру және әлеуметтік серіктестіктермен жұмыс;

- ғылыми-әдіснамалық және инновациялық жұмыс;

- білім алушыларға арналған рухани-өнегелілік, саяси-әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру;

- «Білім» бейіні бойынша республикалық оқу-әдістемелік бірлестіктің жылдық жұмыс жоспары:

- әр жыл бойынша колледжді бітірушілер туралы статистикалық мәлімет енеді (*жылдық жоспарлардың көшірмелері қоса беріледі*).

Қосымша 9. 2018-2019 оқу жылының жылдық жоспары;

Қосымша 10. 2019-2020 оқу жылының жылдық жоспары;

Қосымша 11. 2020-2021 оқу жылының жылдық жоспары;

Қосымша 12. 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспары;

Қосымша 13. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары.



Тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау

Студенттердің кәсіби білім алу барысында жан-жақты, креативті, құзыретті маман, тәрбиелі, өнегелі, белсенді, толерантты тұлға ретінде қалыптасуы үшін оқу орны тарапынан барынша қолдау көрсетіліп, тиісті жағдайлар жасалады. Тұлғаны қалыптастыру мақсатында білім алушылардың әлеуметтік құзіреттілігін дамыту арнайы құрылымдық бағыттар арқылы жүзеге асырылады. Колледж табалдырығын алғаш аттаған жеткіншекке құрылым жұмыстары жайлы жан-жақты ақпараттар беріледі. Анықталған құрылым бағыттары арқылы әр студент төмендегідей құндылықтарды бойына сіңіреді: қоғам дамуына бейімделуі, өзін-өзі жүзеге асыру жолдарын игеруі, коммуникативтік құзіреттілігінің қалыптасуы. Студенттердің әлеуметтік құзіреттілігін қалыптастырудың негізгі бағыты – оларды бүгінгі қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, өз еркімен шешім қабылдай алатын жеке интеллектуалды тұлға ретінде қалыптастыру.



Болашақ педагог мамандардың адамгершілік болмысының жоғары дәрежеде қалыптасып, колледж абыройын асқақтатуға үлес қосуына ықпал ету мақсатында колледжде білім алушы арналған «Академиялық адалдық саясаты» қабылданды. Оның мазмұнында студенттердің қоғамның рухани құндылықтарының сабақтастығы мен экономиканың өркендеуін қамтамасыз ететін өз Отанының патриоты, елінің тарихы мен мәдениетін және ғылымдағы, әдебиеттегі, өнердегі жетістіктерін білетін жоғары білімді зиялы тұлға ретінде қалыптасып, ұлтжандылық, өз мемлекетін сүю және өз халқы үшін аянбай еңбек ету, ұлттық идеологияны қастерлеу, сонымен қатар, басқа ұлт өкілдеріне құрметпен қарап, толеранттылықтың жоғары үлгісін көрсетуге жауапты екендігі міндеттеледі.

Студенттердің адалдық саясаты, оның құқықтары мен міндеттері барлық студенттердің білуі, орындауы мақсатында I курсқа қабылданған студенттер арнайы танысады.

Қосымша 14. Академиялық адалдық саясаты.

Қазақстан Республикасы Конституциясына, ҚР «Білім туралы» Заңына, ҚР Еңбек кодексіне, ҚР «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңына және колледждің Жарғысына сәйкес әзірленген Ішкі еңбек тәртібінің талаптарын мүлтіксіз орындау студенттерге міндеттеледі және бұл ережелермен де танысқандығы арнайы танысу журналына тіркеледі. Ішкі еңбек тәртібінде колледж студенттердің міндеттері мен құқықтары, білім алушыларға қатысты жаза қолдану және марапаттау ережелері берілген.

Қосымша 15. Колледждің ішкі тәртіп Ережесінің көшірмесі.

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары жайлы» Заңының 15-тарауының «Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы жатақханалардан тұрғын үй-жай беру тәртібі» атты 112-шы бабына, сонымен қатар, ҚР «Білім туралы» Заңы, Колледждің Жарғысы мен өзге де құқықтық-нормативті құжаттарға сай «Жатақханада тұру ережесі» бекітіледі, ережеде студенттердің жатақханаға орналасу, тұру және шығару мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, жатақхана тұрғындарының құқықтары мен міндеттері де көрсетілген. Студенттер оқу жылының басында «Жатақханада тұру ережесімен» міндетті түрде таныстырылады.

Қосымша 16. Студенттердің жатақханада тұру Ережесінің көшірмесі.

Колледжде білім алушы студенттердің тарапынан түскен ұсыныстарға арналған сенім жәшігі оқу ғимараты мен жатақхананың I қабатында орналастырылған. Студенттер тарапынан түскен ұсыныстар Жастар комитеті мен студенттік кеңес отырысында қаралады да әкімшілікке жеткізіледі.

Колледждің материалдық-техникалық базасы студенттердің барлық сұраныстарын қанағаттандыратындай қызмет атқаруда. Студенттерге арналған жатақхана 314 орынмен қамтылған, медициналық көмек көрсету мақсатында медициналық қызмет көрсету кабинеті жұмыс істейді.

I курсқа қабылданған студенттердің психологиялық дамуын зерттеу бағытында арнайы тестілеу жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ, әлеуметтік-психологиялық тренингтер жоғары курс студенттерімен де өтілуде. Тест жұмыстарының қорытындысы бойынша әр студентпен жекелеген жұмыстар жүйелі түрде жүргізіп келеді. Арнайы құрылған кестеге сәйкес топтарда достық, төзімділік, елжандылық, адами құндылықтарды бағалауға арналған тренингтер, тимбилдинг, арт-терапия жұмыстары өткізіледі. Студенттеріміз кез келген уақытта әлеуметтік психолог тарапынан психологиялық көмекке жүгіне алады.

Қосымша 17. Психологтың жылдық жоспарлары (тексеру кезеңге)

Қосымша 18. Психологтың психологиялық қолдау мақсатында жеке әңгімелесуге, кеңес беруге арналған журналдары.

Мәдени іс-шараларды ұйымдастыру барысында акт залы және хореография залы жұмыс істейді. Студенттердің қызығушылықтарына жауап беретіндей факультатив, элективті клубтар мен секциялар жұмыс атқаруда.

Колледждің жатақхана ғимаратында орналасқан медициналық қызмет көрсету кабинеті бар. Медицина қызметкерлері санитарлық-эпидемиологиялық тәртіптің сақталуы, шұғыл медициналық көмек көрсету сияқты жұмыстарды орындап, студенттердің денсаулық жағдайына мониторинг жүргізу, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру арқылы студенттер денсаулығын нығайту жұмыстарын жүргізеді. Медицина қызметкерлері және қалалық студенттік емханасының дәрігерлерімен жыл сайын бірінші курс студенттеріне медициналық тексеріс (бойын, салмағын, артериалдық қысымын өлшеу, стоматолог, дерматолог, гинеколог және терапевт тексерісі) жүргізеді. Студенттің ауруға шалдығуы анықталған жағдайда қалалық емханада тексерістен өтіп, амбулаторлық не стационарлық жағдайда ем қабылдайды. Студенттер қалалық емхана қабырғасында медициналық тексерістен өтіп, тексеріс нәтижелері медициналық кітапшаға тіркеледі. Колледж қызметкерлерімен студенттердің денсаулығын нығайту мақсатында физио аппараттары қолданылады. Студенттердің денсаулығына байланысты жіті қадағалау мақсатында медициналық кабинетте арнайы оқшаулау бөлмесі бар және процедуралық кабинеттен ем қабылдауға жағдайлар жасалған.

Колледж жатақханасы оқу ғимаратының жанында орналасқан. Студенттерге арналған орын саны – 314. Жатақханаға келісімшарт бойынша орналастыру жұмыстары жүргізіледі. Жатақхана іші секциялық типте жасалған. Яғни әр секцияда 8 бөлме, 2 дәретхана, 2 жуынатын бөлме және ас дайындау бөлмесі бар. Жатақханаға 2015 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Әр секция 2 электроплита, әр қабатта тоңазытқыш, асхана жиһазы және бөлмелік жиһаздармен толық қамтамасыз етілген.

Жатақханаға студенттерді орналастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырындағы № 215 бұйрығының «Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидалары» атты 1-қосымшасы және "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру" 2-қосымшасына сәйкес көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандарты негізінде жүзеге асырылады. Жатақханада тұратын студенттер колледждің «Жатақхананың ішкі тәртібіне» және «Жатақхана тұрғындарының міндеттері мен құқықтары туралы ережесімен» таныстырылады.

Колледжде білім алатын студенттерге барлық жағынан қолдау жасау көзделген. Соның бірі – әлеуметтік жағынан аз қамтылған студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету. Құрамына колледж оқытушылары мен қызметкерлер, ата-аналар, әлеуметтік серіктестер және студенттер енгізілген Қамқоршылық кеңесінің жұмысының негізгі бағытының бірі – әлеуметтік аз қамтылған ақылы негізде білім алатын студенттерді қолдау. ҚР «Білім туралы» Заңына, «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес колледжде білім алатын оқу үлгерімі жоғары, шығармашылық, спорттық жарыстардың жеңімпазы саналатын дарынды жастарды

қолдау, әлеуметтік тұрмысы төмен студенттерді әлеуметтік қорғауды ары қарай дамыту мен жетілдіру үшін қолданылады.

Қосымша 19. Қамқоршылық кеңесінің жұмысының ережесі.

Колледж студенттеріне әлеуметтік қолдау көрсету механизмін жетілдіру барысында ақылы негізде білім алатын, отбасындағы тұрмыстық деңгейі төмен студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартып отырып, үздік білім нәтижесін көрсеткен, түрлі сайыстардың жеңімпазы атанған ақылы оқу негізінде білім алатын студенттерге жеңілдік жасалады.

Әлеуметтік категорияға жататын, толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан, я болмаса ата-анасының екеуі де мүгедек немесе ата-анасы жұмыссыз, көп балалы отбасынан шыққан студенттерге егер оқу үлгерімі жақсы не өте жақсы болған жағдайда оқу төлемақысына жеңілдік беріледі. II, III топтағы мүгедек студенттерге жатақханаға кезексіз орналасуға мүмкіндік беріледі.

Колледжде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту» туралы № 355 бұйрығы негізінде «Қамқоршылық кеңесі» жұмыс істейді. Кеңес мүшелерінің алдында колледж директорының орынбасарлары қаржылық, шаруашылық, студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық мәселелері жайлы есеп береді. Ата-аналар, жастар комитеті тарапынан түскен өтініш, тілектер осы қамқоршылық кеңесте қарастырылып, шешімін табады.

Аталған категорияға жататын студенттерге жеңілдік беру мәселесі қамқоршылық кеңес отырысында қаралады. Кеңес мүшелерінің алдында колледж директоры қаржылық, шаруашылық, студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық мәселелері жайлы есеп береді. Ата-аналар, жастар комитеті тарапынан түскен өтініш, тілектер осы қамқоршылық кеңесте қарастырылып, шешімін табады. 2018-2022 жылдар аралығында қамқоршылық кеңес шешімі бойынша көптеген студенттерге әлеуметтік қолдау көрсетіліп, оқу ақысы бойынша жеңілдіктер бойынша көмек көрсетілді.

Студенттердің қолдау қызметін жыл сайын жақсарту колледждің стратегиялық жоспарында мақсат етілген. Мәселен, жатақханаға 2015 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, әр секцияға электроплита, тоңазытқыш, асхана жиһазы және шифоньер қойылды. Барлық қабаттардағы фойелерде демалыс орны үшін жұмсақ жиһазбен жабдықталып, теледидар орнатылды. Жатақхана тәрбиешілері жылдық жұмыс жоспары негізінде студенттермен жүйелі жұмыс атқарады.

Қосымша 20. 2018-2023 ж. аралығындағы жатақхана тәрбиешісінің жұмыс жоспары, өткізілген іс-шаралар.

Жатақхананың I қабатында және әр секцияда жуынуға арналған душ бөлмесі жұмыс істейді және кір жууға арналған бөлмеде студенттердің төсек – орны жабдықтарын жуу қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, жатақханада ыстық сумен қамту жүйесі іске қосылған. Әлеуметтік педагог бөлмесі жайлы орын ретінде жабдықталды, медициналық қызмет көрсету орталығына заманауи медициналық физио аппараттары (ингалятор ультразвуковой, облучатель ультрафиолетовой стационарный для верхних дыхательных путей и полости уха, алмаг, магнитотерапии, амплипульс) орнатылып, іске қосылды.

Қосымша 21. 2018-2023 жылдарға арналған медициналық қызмет көрсету пунктінің жұмысы жоспары.



Білім алушылармен кәсіби бағдарлау жұмысын қамтамасыз ету

Талапкерлерге болашақ кәсіпті таңдауда көмек көрсету мақсатында еңбек нарығында сұранысқа ие педагогикалық мамандықтардың мүмкіндіктерін зерделеуге кәсіби бағыт беру жұмыстары ұйымдастырылады. Кәсіптік білім беруде жұмыс берушілердің сұранысын бағдарлай отырып әрекет етуге бейімделуде білім беру мекемелерімен оқу орнымыз үнемі тығыз байланыста.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 150 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың кәсіби бағдарын анықтау және диагностикасын жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдардың негізінде 2018-2022 жылдар аралығында кәсіби бағдар беру жұмыстары атқарылады.

Кәсіби бағдар беру жұмысының мақсаты: болашақ мамандардың кәсіптік теориялық оқу кезінде алған білімдерін өндірістік практика барысында инновациялық-педагогикалық технологиялар арқылы жүзеге асыра білу, сонымен қатар әлеуметтік серіктестіктермен қарым-қатынасты нығайту. Кәсіби бағдар беру жұмыстары төмендегідей қызмет атқарады:

1. Ұйымдастыру қызметі;
2. Тәжірибе жинақтаушылармен жұмыс;
3. Практика әдіскерлерімен атқаратын қызмет;
4. Әлеуметтік серіктестіктермен байланыс;
5. Жұмысқа орналастыру және түлектер орталығы нәтижесі;
6. Кәсіби бағдар беру жұмыстары.

Кәсіби бағдарлау – тәрбие беру және білім беру әсерлерінің жиынтығы, оның мақсаты таңдау жасау кезінде және саналықпен қамтамасыз ету болып табылады, тұлғаның бейімділігі мен қабілеттерін максималды түрде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жиынтық.

Міндеттері:

1. Жалпы білім беретін мектептер мен колледждің қызметін үйлестіру;
2. Кәсіби бағдар беру жұмысының ғылыми және ұйымдастыру-әдістемелік негіздерін әзірлеу;
3. Кәсіби диагностикалаудың прогрессивтік әдістемелерін бейімдеу/әзірлеу;
4. Кәсіби бағдар беру жұмысына инновациялық әдістемелер мен технологияларды енгізу;
5. Кәсіби бағдар беру жұмысының тиімділігіне мониторинг жүргізу.

Болашақ мамандарды даярлайтын Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж облыстық және қалалық мектептердің түлектерімен кәсіптік бағдар беру жұмыстарын нәтижелі қамту мақсатында 2018 жылы кәсіптік бағдар жұмысының ережесі жасалды (кәсіптік бағдар беру жұмысының ережесі қоса беріледі).

Қосымша 22.Кәсіптік бағдар беру жұмысының ережесі;

Қосымша 23. Колледждің кәсіптік бағдар жұмысы бойынша жоспарлары;

Әлеуметтік серіктестіктермен жұмыстың тағы бір бағыты - кәсіптік бағдар беру жұмысы болып табылады. Жұмысқа тұру көрсеткіштерін жақсарту үшін жұмыс беруші талаптарын бітіруші түлектер құзыреттілігімен сәйкестендіріп, еңбек нарығына аса қажетті мамандықтарды анықтап, мектеп оқушыларына әр түрлі формада кәсіби бағдару жұмыстарын ұйымдастырып, колледжде нарыққа қажетті мамандықтарды дайындауға бағыт алынады.

Колледжде жыл сайын кәсіптік бағдар беру жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп тұрады. Жыл бойы облыстық, қалалық, аудандық білім беру мекемелерінде жүргізілген кәсіптік бағдар беру жұмыстарына мониторинг жасалып отырады. «Ашық есік күні» шаралары өткізіліп, қала мектептерінің 9-11 сыныптарының оқушылары қатысып, колледж тарихымен, материалдық базасымен, дайындайтын мамандықтарымен танысып кәсіптік бағдар беріліп отырады.

Педагогикалық мамандықтарды кең көлемде насихаттап, кәсіптік бағдар беру және педагогикалық бейіндегі колледждер мен ЖОО-да және жалпы білім беретін мектептерде оқушыларының үздіксіз мамандандырылған дайындық жүйесін құру мақсатында қала, аудан мектептерінде педагогикалық сыныптар ашу қолға алынды.

Сонымен қатар колледжді бітіретін соңғы курстың студенттеріне колледжден кейінгі білім алуға жағдай жасау мақсатында жоғарғы оқу орындарының мансап бөлімдерімен бірлесіп кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізіледі.

2018-2019 оқу жылында кәсіптік бағдар беру жоспарына сәйкес педагогикалық сыныптар ұйымдастыру мақсатында Бөрлі ауданының білім беру бөлімінің басшысы О.Т.Тулемисов, Зеленов ауданының білім беру бөлімінің басшысы С.Н.Сафиуллин, Тасқала ауданының білім беру бөлімінің басшысы Т.А.Шакировтермен педагогикалық сынып туралы ереже, бағдарламаларымен таныстырылып, Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық

колледжі мен Бөрлі, Тасқала, Зеленов аудандарының білім беру бөлімдері арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.



02 ақпан күні практика бөлімі математика, информатика, физика кафедрасымен бірге кәсіптік бағдар беру «Ашық есік» күнін ұйымдастырды. Шараның мақсаты - мектеп оқушыларына болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу. Шараға №7, №46, №40, №22, №43, №18, №47 ЖОББ мектептерінен 70 оқушы жетекшілерімен келді. Шара соңында рефлексия, сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде студенттердің қызығушылық танытатын мамандықтар (бастауыш білім беру, орыс тілі мен әдебиеті, дене тәрбиесі, математика, физика, туризм, бейнелеу өнері, музыка) анықталды.

19 сәуір күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қабылдау комиссиясының төрағасы Ахметбаев Асқар Сайынұлы және Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясының педагогика, психология кафедрасының меңгерушісі Кенжекова Рысханым Салимовна және қабылдау комиссиясының мүшесі Хусайнова Дина Жаксығалиевна келіп, колледждің 2019 жылғы бітіруші түлектермен кездесу шарасы өтті. Шара барысында 2019-2020 оқу жылының қабылдау ережелерімен таныстырып, ондағы ережелер, мүмкін болатын қателіктер, тапсырмаларға берілетін жауаптардың бағалану ерекшеліктері туралы ақпараттармен толық айтты. Жалпы шараға колледжді бітіруші топтардан (4аРШО, 3пКШО, 4аКШИ, 4асКШИЧ, 4аКШФТ, 4сКШФТ, 3аКШФ, 3пКШФ, 3аМК, 3пМК, 4аКШК, 3пКШК) 187 студент қатысып, өздерінің қабылдау ережесіне, емтихандарға байланысты сұрақтарын қойды.



Мамыр айының 16-17 күндері Теректі ауданының жалпы білім беретін қазақ-орыс орта мектептерінде 9-11 сынып оқушылары арасында кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізілді. Жұмыс барысында мектеп оқушыларын мамандықтарға қызықтыру бағытында Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледждің білім саласындағы алар орны мен жетістіктері, тарихы таныстырылды. Колледждің осы заманға сай материалдық-техникалық тұрғыда сонымен қатар студенттердің заманауи талап тілектерін қанағаттандыру тұрғысында әлеуметтік, демалыстарын тиімді өткізу, әр түрлі қалалық, облыстық, қоғамдық шараларға қатыстырудағы өзгеше үлгі боларлық игі істері туралы да әңгіме өткізілді. Әр түрлі мамандықтар туралы олардың түсіндерме жұмысы бойынша қызығушылық сұрақтарына жауаптар берілді.



Әсіресе осы жылы 9-11 сынып түлектеріне бөлініп отырған «Мектепке дейінгі тәрбие», «Шет тілі», «Өзін-өзі тану», «Математика», «Музыкалық білім беру» мемлекеттік тапсырыс мамандықтарына ерекше қызығушылық білдірілді. Сонымен қатар ақылы оқу түрі бойынша «Дене тәрбиесі, спорт», «Туризм» т.т. мамандықтарға ынта –ықыластары күшті болды. Ауданның 13 мектебі қамтылып 9 сыныптарда-290; 10 сыныпта-56; ал 11 сыныптар бойынша-218 түлек қамтылды. Барлығы-564 оқушы. Атап айтқанда төмендегі мамандықтар бойынша: «Музыкалық білім беру»-10 түлек; «Өзін-өзі тану»-16; «Мектепке дейінгі тәрбие»-21; «Шет тілі»-5; «Бастауыш білім беру»-5; «Дене тәрбиесі, спорт»-12; «Туризм»-9; «Көркем еңбек»-2; «Орыс тілі әдебиеті»-4; «Қазақ тілі әдебиеті»-1



2019-2020 оқу жылында кәсіби бағдар беру жұмысы жоспар бойынша жүргізілді. 2019-2020 оқу жылында 150 білім беру мекемелеріне кәсіптік бағдар берілді. Оның ішінде аудандық білім беру мекемелері-109, облыстық, қалалық мектептер-41. Жалпы қамтылған оқушы саны-985, оның ішінде аудандық білім беру мекемелерінің оқушылары-619, облыстық, қалалық мектеп оқушылары-366.

2020 жылғы 4 мамыр-27 маусым аралығында колледжде «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі» «Орыс тілі мен әдебиеті», «Дене тәрбиесі және спорт», «Көркем еңбек» және «Музыкалық білім беру» мамандықтары бойынша онлайн байқау ұйымдастырылды. Байқаудың ережесі аудандық білім беру бөлімдеріне және әлеуметтік желілерге (facebook, instagram) жіберіліп жарнамаланды.

Жалпы байқауға қатысқан 18 оқушының жұмыстары әділқазы мүшелерімен қаралды. Нәтижесінде қашықтан өткізілген байқауға қатысып, жүлделі орынға ие болған 9 талапкер колледждегі өздері таңдаған мамандықтарының 1 курсына қабылданды.

Жыл бойы кәсіптік бағдар беру жұмыстары әлеуметтік желілерде (VK, facebook, instagram, youtube) жүргізілді. Яғни, кәсіптік бағдар беру бойынша материалдар, ұйымдастырылып жатқан шаралар колледж сайтына, facebook, instagram желілеріне жарияланып отырды.

Жаратылыстану кафедрасы «Мамандықтың бәрі жақсы», Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы «Мамандық таңдау-ертеңді ойлау» тақырыбында «Ашық есік күні» шарасы өткізілді. Шараға қаланың 10 мектебінің 9-11 сыныптарынан 139 оқушы қатысып, колледж тарихымен, материалдық базасымен, дайындайтын мамандықтарымен танысып кәсіптік бағдар алды.

29 қазан күні педсынып тыңдаушыларына «Менің болашақ оқу орным!» экскурсия және шаралар, мұғалімдерге «Сандық технология-адамзат болашағы» тақырыбында мастер-класс ұйымдастырылды. Семинардың негізгі мақсаты - педсынып тыңдаушыларын колледждің оқу және техникалық базасымен таныстырып, түрлі шеберлік сыныптар, студенттердің жобалық, шығармашылық жұмыстары арқылы өздерінің оқу іс-әрекеттеріне мотивация беру, педагогикалық сыныптардың мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету болды.



Нәтижесінде 2019-2020 оқу жылында педагогикалық сыныпты бітіріп сертификат алған 5 тыңдаушы таңдаған мамандықтары бойынша колледжге студенттер қатарына қабылданды. Қазіргі таңда 6 ауданда, 2 қала мектебінде 151 тыңдаушы педагогикалық сыныптарда білім алды.

2020ж. 21 ақпан күні колледжімізде «Мамандық таңдау-ертеңді ойлау» тақырыбында қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен кәсіби бағдар беру бағыты бойынша қаламыздың №19,20,22,37,44 мектептерінің 9-11 сынып оқушылары мен жетекші ұстаздарына 2020-2021 оқу жылындағы қабылданатын мамандықтар туралы мағлұмат берілді. Шараға 79 оқушы, мектеп мұғалімдері және колледж оқытушылары қатысты. Сонымен қатар колледждің «Рухани мұра», «Шығармашылық галерия», «STEAM» кабинеттеріне саяхат жасалып, сапалы педагогтар дайындайтын қасиетті қара шаңырақ Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледждің тарихымен



2020-2021 оқу жылында кәсіби бағдар беру жұмысы онлайн форматта облыс, аудан, қала сонымен қатар Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Маңғыстау облыстарының ЖОББ мектептерінің 9-11- сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілді. Жалпы облыстың 54 аудан мектептерінің - 800 оқушысына, қалалық 47 мектептің - 720 оқушысына, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау, Қызылорда облыстарының 40 мектебінің 120 оқушысына жүргізілді.

Сонымен қатар «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі» «Орыс тілі мен әдебиеті», «Дене тәрбиесі және спорт», «Көркем еңбек» және «Музыкалық білім беру» мамандықтары бойынша онлайн байқаулар ұйымдастырылды. Байқаудың ережесі аудандық білім беру бөлімдеріне және әлеуметтік желілерде (facebook, instagram) жарнамаланды. Байқауға жалпы 28 оқушы қатысып, қазылар шешімімен жеңімпаздар дипломдармен марапатталды.

11ақпан күні Орал қаласының №12, 13, 16, №3,6,7,17 ЖОББ мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына ZOOM платформасында кәсіби бағдар беру жұмысы жүргізілді. Кәсіби бағдар берудің негізгі мақсаты жас ұрпақты саналы түрде мамандық таңдауға дайындау, үйрету екендігі белгілі.



Колледж оқытушылары 9, 11 сынып оқушыларына үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, колледж мамандықтарымен таныстырды. ZOOM платформасы арқылы оқушылар өздерін қызықтырған тақырыптар бойынша сұрақтар қойып, жалпы колледж мамандықтары, түлектердің жұмысқа орналасу деңгейлері, оқу ақысына қатысты көп мәліметтер алды. Бұл шара жоспарында музыка кафедрасының жетекшісі Ж.А.Нурғалиева педагог мамандығының мәртебесі жөнінде алғы сөз сөйлеп, колледж базасына бейне экскурсия жүргізді.



Одан әрі Н.Н.Заруцкая талапкерлерге арналған Zhahansha book ақпараттық нұсқаулығымен таныстырды. Н.М.Нурушева колледжде дайындалатын мамандықтармен, оған түсу үшін тапсыратын емтихан түрлерімен таныстырып, талапкер тапсыратын құжаттар туралы ақпарат берді. А.К.Джумагазиева қатысушылармен қызықты тренингтер жүргізіп, 1 курс студенттері Иргазиева Гулназ, Алканова Анна, Повытчекоев Артем өздерінің мамандығы туралы баяндап, музыкалық сәлемдерін жолдады. Мектеп оқушылары өз ойларын, сұрақтарын чатқа жазып, оған жауап алды.

12 ақпан күні «Дене тәрбиесі және спорт» кафедрасы Жаңақала ауданының С.Мендешов атындағы, М.Жүнісов атындағы, №1 мектеп-гимназиясы, Жаңақала №3 мектебі, Жаңақала ЖОББ мектептерінде кәсіби бағдар беру жұмысын жүргізді. Шараны кафедра меңгерушісі А.А.Муратбекова алғы сөзбен ашты. Кафедра оқытушысы Қ.Б.Таубаев мамандық туралы өз шығармашылығынан өлең оқып, талапкерлерге арналған Zhahansha book ақпараттық нұсқаулықпен таныстырып, колледжде білім алуға қандай мүмкіндіктер бар екенін атап өтті. А.С.Сырым колледжде дайындалатын мамандықтармен, емтихан түрлеріне тоқталды. Онлайн шараға аудан мектептерінің 100 –ден астам оқушылары қатысып, ақпарат алды.






18 ақпан күні Орал қаласының № 9, 20, 21 ЖОББ мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына ZOOM платформасында кәсіби бағдар беру жұмысы жүргізілді. **Жастарды еңбекке баулу және мамандықтарын дұрыс таңдауға бағыт беру маңызды істердің бірі.** Сол себепті қазіргі таңда түлектерге кәсіби бағдар ұсынып, кеңес айту үлкен маңызға ие. Кәсіби бағдар беру – шешімі табылуға тиісті өте күрделі кешенді мәселе. Қазіргі заман талабына сай мамандықтарды игерген жастарға сұраныс өте жоғары. Бүгінгі заман талабы кәсіптік-педагогикалық білім беру саласында адамның табиғи ерекшеліктеріне сәйкес мыңдаған мамандықтар мен кәсіптерге дайындау – кезек күттірмейтін талаптардың бірі.

Бұл шара жоспарында «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасының оқытушысы Н.Н. Заруцкая педагог мамандығының мәртебесі жөнінде алғы сөз сөйлеп, колледж базасына бейне экскурсия жүргізді. Мектеп оқушыларына колледждің материалды – техникалық базасы мен тарихы, мамандықтардың таныстырымы ұсынылды. Одан әрі оқытушы А.А. Батырханова талапкерлерге арналған Zhahansha book ақпараттық нұсқаулығымен таныстырса, А.Е.Кунуспаева колледжде дайындалатын мамандықтармен, оған түсу үшін тапсыратын емтихан түрлерімен, талапкер тапсыратын құжаттар туралы ақпарат берді. Мектеп оқушылары өз ойларын, сұрақтарын чатқа жазып, оған жауап алды. Оқытушы А.Б.Сарсенғалиева оқушылармен тренинг өткізіп, әр мамандықтың қоғамдағы орны туралы айтып өтті.



. 19 ақпан күні «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасы Бәйтерек ауданының Асан, Көшім, Переметный ЖОББ мектептерінде кәсіби бағдар беру жұмысын жүргізді. Шараны кафедра меңгерушісі А.С.Бекбулатова алғы сөзбен ашты. Мектеп бітіретін 9-11 сынып оқушыларын «қандай мамандықты таңдаймын» немесе «таңдаған мамандығыма қалай қол жеткіземін» деген ойлар мазалайтыны анық. Бұл әрине үлкен өмірге қадам басардағы ең жауапты сәттердің бірі. Себебі осы бағыт бағдар адам ғұмырының алдағы болашағына өз әсерін тигізеді. Дұрыс жол тапсаң дүниеге пайдасы бар кірпіш ретінде қаланудың мүмкіндіктеріне қол жеткізесің. Кафедра оқытушысы Н.Н. Заруцкая талапкерлерге арналған Zhahansha book ақпараттық нұсқаулықпен таныстырып, колледжде білім алуға қандай мүмкіндіктер бар екенін атап өтті. А.Е.Кунуспаева колледжде дайындалатын мамандықтармен, емтихан түрлеріне тоқталды. Онлайн шараға аудан мектептерінің 30 –ден астам оқушылары қатысып, ақпарат алды.



25
ақпан
күні
Орал

қаласының № 5, 10, 18, 19 ЖОББ мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына ZOOM платформасында кәсіби бағдар беру жұмысы жүргізілді. Саналы түрде таңдалған мамандық жеке тұлғаның болашақ өміріне әсер етеді. Болашақтағы кәсіби мақсатына дұрыс бағыт алған оқушы бойындағы қарым қабілетін шығармашылықпен дамыта білсе, сапалы маман ретінде қалыптасатыны белгілі. Демек оқушыларға дұрыс жөн сілтеу ұстаздардың пайымды пікірлерін тыңдау мен түрлі саладағы мәртебелі мамандық иелерімен кездесудің маңызы өте зор. Осы мақсатта оқушыларға болашақ мамандық таңдауға көмектесу және пайдалы кәсіп туралы көзқарастарын дамыту үшін колледж оқытушылары жыл сайын қала, аудан, ауылдағы білім шаңырақтарына барып, түрлі тақырыптарда еркін әңгіме жүргізеді.

«Ағылшын тілі» кафедрасының меңгерушісі Ш.Е.Мұхтарова колледждегі мамандықтар тізімімен таныстырып, емтихан түрлеріне тоқталып өтті. Г.Б.Сұлтанова мектеп оқушыларына колледждің материалды – техникалық базасы мен тарихы таныстырымын ұсынды. Колледжіміздің жеткен жетістіктерін таныстыру үшін жыл сайын мектеп оқушыларын арнайы экскурсияға шақырамыз. Сәуір айында бітіруші түлектер мен ата-аналарына арналған «Ашық есік» күні өткізіледі.



26 ақпан күні Қаратөбе ауданы бойынша Қаратөбе мектеп-гимназиясы, Мұхит атындағы ЖОББМ, Б.Қаратаев атындағы Саралжын ЖОББМ, Жамбыл атындағы ЖОББ мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына ZOOM платформасында кәсіби бағдар беру жұмысы жүргізілді.




«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі Б.М.Каримова алғы сөзбен ашып, мектеп оқушыларына колледждегі мамандықтар тізімімен Б.Б.Құрманғалиева таныстырып, емтихан түрлеріне тоқталса, С.С.Жумиева «ZHANANSHA BOOK» жол сілтеуші нұсқаулықпен, колледждің тарихы, кадрлар құрамы, материалды-техникалық базасы, «Студенттер» үйі туралы ақпаратпен бөлісті. Студенттер арнайы дайындаған видеотелімдері арқылы «Жағаңда өстім Жайығым» және «REDx» т.б жобаларымен таныстырды. Колледжіміздің белсенді студенттері «Жаханша» шәкіртақы иегері, «Жаханша» адалдық алаңы жобасының жетекшісі, Студенттік өзін-өзі басқару ұйымының мүшесі, түрлі республикалық, облыстық байқаулардың жүлдегері Орынбасар Береке өлең оқыса, «Мұқағали оқулары» төсбелгісінің иегері, жас ақындар байқауының бірнеше мәрте жүлдегері Әлібекұлы Актілек өз шығармашылығымен бөлісті.



5 наурыз күні жылы «Математика, физика және информатика» кафедрасының оқытушылары Қазталов ауданының «Қазталов мектеп лицейі», «Тереңкөл», «Бірік», «Богатырев», «Қайыңды» ЖОББМ-де ZOOM платформасында кәсіби бағдар беру жұмыстарын өткізді. Кәсіптік бағдар беру — қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіпке қызығушылығын қалыптастыруға және болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектесуде, мақсатты атқарылатын жұмыс. Кәсіптік бағдар беру жұмысы жас ұрпақтың саналы түрде болашақ мамандығын қателеспей

таңдауға мүмкіндік жасайды. Колледждің жетістіктері мен мамандықтары, базасы туралы презентация көрсетіліп, баяндалды.



Кәсіптік ақпарат арқылы оқушылар әр түрлі мамандықтардың маңызы мен мәні туралы түсініктер алды. Мамандық бойынша қойылатын талаптармен таныстырылды. Мамандықтың ерекшелігі, оның қоғамда алатын орны туралы түсініктер берілді. Шараға қатысушы мектеп әкімшіліктері өз ризашылықтарын білдіріп, алдағы уақытта одан әрі осы мәселе бойынша бірігіп жұмыстанатындарын білдірді.

1 сәуір күні Орал қаласының №22, 24, 25, 27, Круглоозерный, Серебрякова ЖОББ мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына ZOOM платформасында кәсіби бағдар беру жұмысы жүргізілді.

Саналы түрде таңдалған мамандық жеке тұлғаның болашақ өміріне әсер етеді. Болашақтағы кәсіби мақсатына дұрыс бағыт алған оқушы бойындағы қарым қабілетін шығармашылықпен дамыта білсе сапалы маман ретінде қалыптасатыны белгілі. Демек оқушыларға дұрыс жөн сілтеу ұстаздардың пайымды пікірлерін тыңдау мен түрлі саладағы мәртебелі мамандық иелерімен кездесудің маңызы өте зор. Осы мақсатта оқушыларға болашақ мамандық таңдауға көмектесу үшін кәсіби бағдар беру жұмысы жүргізілуде.

Шара жоспарына сай педагог мамандығының мәртебесі жөнінде алғы сөз айтылып, колледж базасына бейне экскурсия жүргізілді. Одан әрі Zhahansha book ақпараттық нұсқаулығымен таныстырылды. Сонымен қатар колледжде дайындалатын мамандықтармен, оқуға түсу үшін тапсыратын емтихан түрлерімен, талапкер тапсыратын құжаттар туралы ақпарат берілді.

Кәсіби бағдар беру жұмысының жоспарына сәйкес 02.04 күні Жәнібек ауданының Т.Жароков, Ғ.Қараш, Ө.Сахипов, Х.Халиулин, М.Б.Ықсанов атындағы ЖОББМ-не және №1 мектеп-лицейінің 9-11 сынып оқушыларына ZOOM платформасында кәсіби бағдар беру жұмысы жүргізілді.

«Технология және бейнелеу өнер» кафедрасының меңгерушісі Н.А.Хамзин алғы сөзінде педагогикалық мамандықтың қазіргі таңдағы басымдылықтары мен артықшылықтарын, қоғамдағы алып отырған орны, мемлекетіміздің педагогикалық мамандыққа жасап отырған қолдаулары туралы айтты. Сонымен қатар мектепті бітірейін деп отырған түлектердің алдында тұрған мамандықты таңдауға байланысты шешімдерінің оң болуы өмірде маңызды екендігін сөз етті.

Кәсіби бағдар беру - жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы таңдап алуға дайындауға бағытталған іс-әрекет. Кәсіби бағдар беру арқылы оқушыларды мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттері мен ұштастырып, нарықтық экономика жағдайындағы роліне сай саналы таңдалынып алынған мамандыққа мүдделілігін тәрбиелеуді қажет етеді. Директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары М.С.Мукашев шараға қатысқан оқушыларға мамандық таңдаудың жауапты іс екенін айтып, алдағы сынақтардан сүрінбей өтулеріне тілек білдіріп, «ZHANANSHA BOOK» жол сілтеуші нұсқаулықпен таныстырды. «Технология және бейнелеу өнер» кафедрасының оқытушысы Ж.Ж.Жонкарбаева оқушыларға мамандықтардың түрлерімен таныстырып, сынақ емтихандары, құжат қабылдау тәртібімен таныстырып өтті.



9 сәуір күні «Қоғамдық пәндер және жаратылыстану» кафедрасы Теректі ауданының Федоровка, Чапаев, Госплемстанция, Ұзынкөл, Абай, Ы.Алтынсарин, Х.Есенжанов атындағы ЖОББ мектептерінде кәсіби бағдар беру жұмысын жүргізді. Шараны кафедра оқытушысы Б.К.Сапиев алғы сөзбен ашты. Онлайн шараға аудан мектептерінің 100 –ден астам оқушылары қатысып, колледжде дайындалатын мамандықтар туралы ақпараттар алып, өз сұрақтарын қойды. «Қоғамдық пәндер және жаратылыстану» кафедрасының меңгерушісі А.Т.Зайнуллина мектеп оқушыларына колледждің материалды – техникалық базасы мен тарихы таныстырымын ұсынды.

16 сәуір күні «Қоғамдық пәндер» кафедрасы Тасқала ауданының Ы.Алтынсарин атындағы, Қ.Сәтбаев атындағы ЖОББМ, «Сәулет» мектеп-лицейі, Мереке, Мерей, Достық, Оян ЖОББ мектептерінде кәсіби бағдар беру жұмысын жүргізді. Шараны кафедра оқытушысы М.К.Дүйсенғалиев алғы сөзбен ашты. Кафедра оқытушысы А.К.Уразғалиева талапкерлерге арналған Zhahansha book ақпараттық нұсқаулықпен таныстырып, колледжде білім алуға қандай мүмкіндіктер бар екенін айта отырып, дайындалатын мамандықтармен, емтихан түрлеріне тоқталды.

Қалалық мәдениет және демалыс саябағын да «SKILLS BAZAAR» шарасы ұйымдастырылды.

Жара барысында музыка кафедрасы шағын концерт, дене тәрбиесі және спорт кафедрасы ұлттық спорттық ойындар, көркем еңбек кафедрасы шығармашылық жұмыстар көрмесін демалушыларға ұсынып, жарнамалық материалдар таратты.

2021-2022 оқу жылындағы кәсіби бағдар беру жұмысының жоспарына сәйкес облыс,



аудан, қала ЖОББ мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына онлайн ZOOM платформасында, қала мектептеріне барып, ата-аналар жиналыстарында, жеке сыныптарда, диплом алды практикасына барған студентердің практика базаларында, түлектер қауымдастығының мүшелері өз жұмыс орындарында ақпарат беру арқылы, қала оқу орындарында жәрмеңке түрінде кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілді.

Нәтижесінде 54 аудан мектептерінен - 798 оқушы, 18 қалалық мектептерден -1587 оқушы қатынасты. Жалпы 72 мектептің 2385 оқушысына кәсіби бағдар беру жұмысы жүргізіліп, ақпарат берілді.

6 маусым күні қалалық орталық демалыс саябағында "Дарынды жас, бізге қосыл!" тақырыбында шара ұйымдастырылды. Шараның негізгі мақсаты колледж жұмысын насихаттау, шығармашыл, белсенді студенттерді қолдау, педагогикалық мамандықтарды таныстырып, жаңа оқу жылына дарынды талапкерлерді тарту болды. Шараға қазақ тілі мен әдебиеті, музыкалық білім беру, мектепке дейінгі тәрбие және көркем еңбек кафедраларының оқытушылары мен студенттері белсенді қатысты.



Шара барысында музыкалық білім беру кафедрасы студенттері мен оқытушыларының шығармашылығы шараның негізгі арқауы болып, күй тартылып, би биленіп, көңілді ән шырқалды. Мектепке дейінгі тәрбие кафедрасының оқытушылары аниматорлар ролінде саябаққа келген ата-аналар мен балаларға ойын ойнатып, жерге сурет салу, түрлі дайын силуэттерді түрлі -түсті бояулармен бояу байқауларын ұйымдастырып, өздері дайындаған сыйлықтармен марапаттады.

Дене тәрбиесі және спорт кафедраның оқытушылары Шапанов А. Елеуов Д. Габдушев Қ.С. кәсіптік бағдар жұмысымен № 12, №22 ЖОББ мектептеріне барып, бітіруші 9-11-сынып оқушыларымен кездесіп, колледж туралы толық мағлұмат бере отырып, колледждің жаңа оқу жылына қабылдау шарттарымен таныстырды.



Әдіскер Ж.Ж.Жонкарбаева кәсіптік бағдар жұмысымен №1 ЖОББ мектебіне барып, бітіруші 9-11- сынып оқушыларымен кездесіп, колледж туралы толық мағлұмат бере отырып, колледждің 2021-2022 оқу жылына қабылдау шарттарымен таныстырды. Оқушыларға колледж туралы ақпараттар беріп, колледж оқытушыларының сапалық құрамы, колледжде





атқарылатын оқу-тәрбие жұмыстары туралы әңгімелеп, «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту», «Тәрбие жұмысын ұйымдастыру», «Дене тәрбиесі және спорт», «Бастауыш білім беру мұғалімі», «Көркем еңбек», «Музыкалық білім беру», «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі», «Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі», «Өзін-өзі тану мұғалімі», «Шетел тілі мұғалімі», «Информатика мұғалімі», «Туризм», «Ақпараттық жүйелер» мамандықтары туралы толық мәліметтер беріп, колледжімізде білім алуға жан-жақты жағдайлар қарастырылғанын, жатақхана күрделі жөндеуден өткендігін, ең алдыңғы қатарлы республикадағы педагогикалық білім беру ордасы екендігін және ешкімді қайталамайтын өзіндік дәстүрі бар оқу орны екенін айтып, мектеп бітіруші түлектерді колледжімізде білім алуға шақырып, қойған сұрақтарына жауап беріп, негізгі мектеп базасында биыл ашылатын ақысыз оқу жөнінде әлі де өзгерістер болатынын түсіндірді.



1 ақпан күні Ақжайық ауданының №1 ЖОББМ, М.Әуезов атындағы, Мерген, Алмалы ЖОББ мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына ZOOM платформасында кәсіби бағдар беру жұмысы жүргізілді.

Бұл шара жоспарында «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» «Педагогика және психология» кафедрасының жетекшісі А.Б. Сарсенғалиева педагог мамандығының мәртебесі жөнінде алғы сөз сөйлеп, колледж базасына бейне экскурсия жүргізді. Одан әрі талапкерлерге арналған Zhabansha book ақпараттық нұсқаулығымен таныстырды. Л.С. Есенова колледжде дайындалатын мамандықтармен, оған түсу үшін тапсыратын емтихан түрлерімен таныстырып, талапкер тапсыратын құжаттар туралы ақпарат берді. Мектеп оқушылары өз ойларын, сұрақтарын чатқа жазып, оған жауап алды.

Кәсіби бағдар жұмысына Алмалы-25, Мерген-36, М.Әуезов атындағы ЖОББМ -55, Абай атындағы мектеп-гимназиясынан-15 оқушы қатнасып ақпарат алды.



11 наурыз күні математика және информатика кафедрасы Бөрлі аудандық мектептерінің 9,11 - сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру мақсатында ZOOM платформасы арқылы онлайн кездесу өткізді. Кафедра оқытушысы Джумағазиева Асель Каримовна "педагог" мамандығының қоғамдағы маңызы мен мәртебесін айта отырып педагог мамандарды даярлауға ғасырдан аса уақыт бойы қызмет етіп келетін колледжіміздің тарихы туралы баяндады. Колледжіміздің таныстырылым бейнеролигінің көрсетілімінен соң кафедра оқытушысы Суйнғалиева Гульрайс Канатқалиевна колледжіміздің жатақханасы туралы ақпарат беріп сапалы да ұлағатты оқытушылар құрамымен таныстырды. Сонымен қатар колледжіміздің материалдық- техникалық жабдықталуы, оқу үрдісінің жүзеге асыруды қамтамасыз ететін SMART NATION платформасы мен PEDKOLLEGE.KZ сайты туралы ақпарат берді. Ең маңыздысы келесі оқу жылында қабылдау жүргізілетін мамандықтардың тізімі толықтай таныстырылып қажетті құжаттар топтамасы мен шығармашылық емтихандар өтетін мамандықтар анықтап түсіндірілді.



1 ақпан күні Жаңақала ауданының №3 ЖОББМ, М.Мирманов атындағы, Айдархан, Ә.Жангелдин ЖОББ мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына ZOOM платформасында кәсіби бағдар беру жұмысы жүргізілді.

Бұл шара жоспарында «Дене шынықтыру» кафедрасының жетекшісі А.А. Мұратбекова педагог мамандығының мәртебесі жөнінде алғы сөз сөйлеп, колледж базасына бейне экскурсия жүргізді. Одан әрі талапкерлерге арналған Zhahansha book ақпараттық нұсқаулығымен таныстырды. С.М.Жарылғаған С.А.Сырым оқытушылары колледжде дайындалатын мамандықтармен, оған түсу үшін тапсыратын емтихан түрлерімен таныстырып, талапкер тапсыратын құжаттар туралы ақпарат берді. Мектеп оқушылары өз ойларын, сұрақтарын чатқа жазып, оған жауап алды.



17 наурыз күні «Көркем еңбек» кафедрасы Жәнібек аудандық мектептерінің 9,11 - сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру мақсатында ZOOM платформасы арқылы онлайн кездесу өткізді. Кафедра оқытушысы Жонкарбаева Ж.Ж. "педагог" мамандығының қоғамдағы маңызы мен мәртебесін айта отырып педагог мамандарды даярлауға ғасырдан аса уақыт бойы қызмет етіп келетін колледжіміздің тарихы туралы баяндады. Колледжіміздің таныстырылым бейнеролигінің көрсетілімінен соң кафедра жетекшісі Хамзин Н.А. колледжіміздің жатақханасы туралы ақпарат беріп сапалы да ұлағатты оқытушылар құрамымен таныстырды. Сонымен қатар колледжіміздің материалдық- техникалық жабдықталуы, оқу үрдісінің жүзеге асыруды қамтамасыз ететін SMART NATION платформасы мен PEDKOLLEGE.KZ сайты туралы ақпарат берді. Ең маңыздысы келесі оқу жылында қабылдау жүргізілетін мамандықтардың тізімі толықтай таныстырылып қажетті құжаттар топтамасы мен шығармашылық емтихандар өтетін мамандықтар анықтап түсіндірілді.



Теориялық оқыту, өндірісте оқыту және еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін жүйелерді оқыту

Білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдастыру және өткізу «Білім туралы» «Қазақстан Республикасының еңбек туралы», «ҚР әлеуметтік серіктестік туралы» заңдарына, сондай-ақ Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы бекітілген «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларын бекіту туралы» №107 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Кәсіптік практиканы ұйымдастыру ережесі мен оқу жоспарына сай әлеуметтік серіктестермен 30-дан астам келісім шарттар, атап айтсақ, қаланың жалпы білім беретін мектептері № 1, 2, 5, 6, 7, 10, 17, 19, 20, 22, 25, 26, 30, 33, 36, 37, 40, 42, 45, 46, 47, 50, мектепке дейінгі мекемелер №7 «Айналайын», №8 «Сказка», №18 «Балдәурен», №19 «Золотой петушок», №34 «Балбұлақ», №37 «Жұлдыз-ай», №40 «Болашақ», № 50»Заңғар», М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде, Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығында, «Атамекен» Қалалық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығында өтеді. Практика базасында студенттерді өндірістік оқыту ұйымы оқу жоспары мен оқу үрдісінің кестесімен қарастырылған оқыту кезеңінде жүзеге асырылады. Оқу үрдісінің кестесіне сәйкес практиканың барлық түрлері

әлеуметтік серіктестік туралы келісім шарт негізінде мектеп, мектепке дейінгі мекемелер базасында өткізіледі.

Кәсіптік практика мақсаты теориялық білім алу үрдісінде білім алушылардың білімін тереңдету және жүйелеу, таңдалған мамандық бойынша қажетті практикалық білім мен дағдыларын қалыптастыру, сонымен қатар болашақ еңбек қызметіне араластыру.

Оқыту нысандары, деңгейлері және мерзімдері бойынша жеке білім беру бағдарламалары жасақталып, кәсіптік практиканың түрлері ұйымдастырылады: «Мамандыққа кіріспе», «Баланың мектептегі алғашқы күндері», «Байқау практикасы», «Таңдау пәні бойынша байқау практикасы», «Сыныптан тыс жұмысы технологиясы практикасы», «Жазғы педагогикалық практика», «Дипломалды практикасы». Әр түрлі мамандықтар бойынша кәсіптік практика арнаулы пәндердің белгілі бір циклдарының аяқталуына байланысты сай өткізіледі. Кәсіптік практиканың оқу жұмыс бағдарламасын әзірлеп, ұйымдастыру жұмысы тәжірибелі мамандар мен әдіскерлерге жүктеледі.

Кәсіптік практиканың қарсаңында студенттер практика жетекшілерінің көмегімен практикаға қажетті құжаттардың толық пакетін дайындап, практика базасын хабардар етеді. Әрбір практиканың алдында жетекшілері практиканың мазмұны, құжаттары, мектептің жұмыс тәртібі, студентке қойылатын талаптар, бағалау өлшемі туралы студенттерге нұсқаулықтар береді. Кезекті практика аяқталғаннан кейін студенттер практика бойынша тиісті машық құжаттарын әзірлеп, колледжде дәстүрлі өткізілетін конференцияларда қорғайды.

«Баланың мектептегі алғашқы күндері» практикасы

Практика болашақ мектеп алды және бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық қызмет ерекшелігімен танысып, іскерлік дағдыларын қалыптастыруға бағытталды. Практика алдында студенттерге машықты ұйымдастыру ережелері, тәртібі, мазмұны айтылып, машық соңында тапсыратын құжаттар тізімі, күнделік толтыру бағытымен, оқушылардың мектепке даярлық деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар түсіндіріліп, алынған нәтижелерді талдау жолдарына байланысты әдістемелік кеңестер беріледі.

Студенттер мектепке келген 1-сынып оқушыларын қабылдау, бірінші аптадағы жұмысты жоспарлау тәртібімен танысып, ұйымдастыру жұмыстарына қатысады. Мектепте білім күнін өткізуге ат салысады. Практика барысында машықкерлер бастауыш сынып мұғалімінің алғашқы сабақтарды ұйымдастыру, құжаттарды рәсімдеу, ата-аналармен педагогикалық қарым-қатынас орнату жұмыстарымен танысады. Оқушылардың мектепке дайындық деңгейін зерттеп, олардың мектепке тез бейімделуіне жағдай жасалады. Студенттер колледж қабырғасында алған теориялық білімдерін практикамен ұштастырып, тәжірибе жинақтап, оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

«Мамандыққа кіріспе» практикасы білім алушыларды болашақ мұғалім кәсіби қызметіне, мектептегі жұмыс жағдайы мен режиміне бейімделуге және кәсіби бағытталуға даярлайды. Мұғалімінің қызметімен, сабаққа қатысу арқылы сынып жетекшісінің сабақ ұйымдастырудағы әдіс-тәсілдерімен, оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдануымен танысады. Мұғалімінің оқу-тәрбие жұмыстары мен педагогикалық техникасын, ұйымдастырушылық қабілетін зерттеуге, әдістемелік-ұйымдастырушылық қызметін, ұзақ және қысқа мерзімді сабақ жоспарларын жасақтау технологиясын игеруге дайындайды.

«Сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының технологиясы».

Практика барысында студенттер мектептің және сынып жетекшісінің тәрбие жұмысы жүйесімен танысып, ұжымды, оқушының жеке басына педагогикалық - психологиялық зерттеу жасау, нәтижесін шығарып, талдау жасау әдістемесін меңгерді. Мектептегі ата – аналармен жүргізілетін жұмыстың кең тараған түрлері: жиналыстар, конференциялар, біріккен шаралар, сайыстар, тренингтер т.б. түрлерімен танысып тәжірибе жинақтайды. Тәрбие жұмысын оқушының жеке басын жан-жақты дамытуға бағытталған мақсат – міндеттер негізінде жоспарлауға үйреніп, практикада қолдана білді. Тәрбие тұжырымдамасының мектептегі елжандылық тәрбиесі, оқушылармен жүргізілетін құқықтық тәрбие, салауатты өмір салтын насихаттау, көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие, ұлттық тәрбие, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие, зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

бағыттары бойынша тәрбие шараларын жоспарлап ұйымдастыра біледі. Сынып жетекшісінің құжаттарын жинақтап, портфолиосын әзірлейді. Жоспар бойынша әдіскерлер студенттерді практикаға жан-жақты дайындап, мектеппен ынтымақтастықта жұмыс істейді. Сыныпқа, оқушыға бақылау жүргізеді, бір оқушыға, сыныпқа мінездеме жазады. Сынып жетекшісіне шараларды өткізуге көмектеседі.

«Жазғы педагогикалық практика». Лагердегі балалардың демалысын ұйымдастыруда шараларды, топтық әндерді құрастырады. Салауатты өмір салты, жағымсыз әдеттер, тәртіп мәдениеті тақырыптарындағы шараларды ұйымдастыруға материалдар дайындайды. Күнделіктерінің толтырылуын, портфолио папкаларын мазмұндарын тексереді. Студенттер топтарының атын, ұрандарын, топ әндерін көрсететін конференцияларға қатысады. Студенттер жазғы педагогикалық практиканы облыстық, қалалық мектептердегі, «Атамекен» және «Евразия» лагерлерінде, Көкшетау мен Ақтау қалаларындағы туристік базаларында сәтті өтіп жүр. Студенттер лагердің тәртібіне бағынады, күн сайын практика жоспарына сай жұмыстар жүргізеді және талдайды.

«Байқау практикасы»

Барлық мамандық бойынша байқау практикасына дайындық жүргізіледі. Байқау практикасында студенттер дәрістер құрастырады, көрнекіліктер дайындайды және бекіткен сыныптарына сабақ өткізеді. Байқау практикасында студенттер кесте бойынша қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрастырып, көрнекіліктер дайындап, бекітілген сыныптарына сабақтар өткізді. Студенттер сабақтарға қатынасып, жаңартылған білім бағдарламасына сай әдіс-тәсілдерді үйреніп, талдау жасап отырады.

Практика барысында сыни тұрғыдан ойлау, диалогтік оқыту, Блум таксономиясын қолдану арқылы педагогикалық әрекетер барысында оқушылардың белсенділігіне қол жеткізуге талпынды. Кәсіптік практика соңында базалық мекемеде практиканы қорытындылау мақсатында мектеп әкімшілігі кіші педагогикалық кеңестер ұйымдастырып, практика бойынша пікірлері мен ұсыныстарын айтып, әр студенттің жұмысына талдау жасайды. Практика барысында мектеп әдіскерлері әлеуметтік серіктес ретінде колледж студенттерін оқытып, маман етіп шығаруға тікелей ат салысады.

«Дипломалды практикасы»

Диплом алдындағы практика- болашақ маманға өз мамандығы бойынша педагогикалық іс-әрекетті жоспарлап жұмыс істеуге, өзінің колледж қабырғасында алған білім-біліктіліктерін сынға салып сараптайтын сәт. Ол практикада болашақ түлектер өз пәндері бойынша сабақтар өткізіп қана қоймай, сынып жетекшілік, ата-аналармен жұмыс, кәсіби бағдар беру жұмыстарын және колледжді бітіріп педагогикалық жұмыс істеп жүрген алдыңғы буын түлектердің тәжірибесімен танысып, сауалнамалар жүргізіп, сараптама жасау жұмыстарымен де айналысады. Нәтижесінде оқу-тәрбие жұмыстарына белсене араласып, жауапкершілікті сезініп, сабақты түрлендіріп өткізіп, көрнекіліктері эстетикалық талапқа сай болуын, мұғалімдердің ашық сабақтарына, өзара сабаққа қатысып, өздерін жаңа деңгейде сезіне біледі. Студенттер тәжірибелі мұғалімдердің сабағына қатысып, үйренген жаңа педтехнология элементтерін өз сабақтарында пайдалана алды.

Соңғы бес жылдағы өткізілген кәсіптік практиканың көрсеткіштері:

Р/с №	Мамандық атауы	2017-2018 оқу жылы			2018-2019 оқу жылы			2019-2020 оқу жылы			2020-2021 оқу жылы			2021-2022 оқу жылы		
		Үлгерім	Сапа	Орта балл	Үлгерім	Сапа	Орта балл	Үлгерім	Сапа	Орта балл	Үлгерім	Сапа	Орта балл	Үлгерім	Сапа	Орта балл
1	0105013 «Бастауыш білім беру мұғалімі»	100	100	4,9	100	100	4,9	100	100	4,9	100	96	4,4	100	100	4,7
2	0111013	10	10	5	10	10	5	10	10	5	10	92	4,3	10	98	4,9

	«Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі»	0	0		0	0		0	0		0		0			
3	0111053 «Өзін-өзі тану мұғалімі»	-	-	-	-	-	-	-	-	-	10 0	10 0	4,6	10 0	10 0	4,7
4	0101013 «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі»	10 0	10 0	4,6	10 0	10 0	4,6	10 0	10 0	4,6	10 0	10 0	4,7	10 0	10 0	4,9
5	0111063 «Математика мұғалімі»	10 0	10 0	4,9	10 0	10 0	4,9	10 0	10 0	4,9	10 0	10 0	4,4	10 0	10 0	4,9
6	0111073 «Физика мұғалімі»	10 0	10 0	4,9	10 0	10 0	4,9	10 0	10 0	4,9	10 0	10 0	4,9	10 0	10 0	4,9
7	0111083 «Шетел тілі мұғалімі»	10 0	10 0	4,6	10 0	10 0	4,8	10 0	10 0	4,9	10 0	10 0	4,5	10 0	10 0	4,8
8	0111093 «Информатика мұғалімі»	10 0	10 0	4,6	10 0	10 0	4,8	10 0	10 0	4,9	10 0	10 0	4,9	10 0	10 0	4,9
9	0103000 «Дене тәрбиесі және спорт»	10 0	94	4,5	10 0	10 0	4,7	10 0	94	4,5	10 0	94	4,5	10 0	10 0	4,8
10	0106000 «Бейнелеу және сызу»	10 0	10 0	4,5	10 0	10 0	4,6	-	-	-	-	-	-	-	-	-
11	0108000 «Музыкалық білім беру»	10 0	10 0	4,7	10 0	10 0	4,7	10 0	10 0	4,7	10 0	10 0	4,7	10 0	90	4,2
13	0111023 «Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі»	10 0	10 0	4,5	10 0	10 0	4,5	10 0	10 0	4,5	10 0	10 0	4,7	10 0	10 0	4,7
14	0104000 «Кәсіптік білім беру»	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	10 0	10 0	4,6
15	0107012 «Технология»	10 0	10 0	4,8	10 0	10 0	4,8	10 0	10 0	4,8	10 0	10 0	4,2	10 0	10 0	4,3

17	0511000 «Туризм»,	10 0	10 0	4,8	10 0	10 0	4,8	10 0	10 0	4,8	10 0	10 0	4,7	10 0	92	4,4
----	----------------------	---------	---------	-----	---------	---------	-----	---------	---------	-----	---------	---------	-----	---------	----	-----

5 жылдың практика бойынша студенттер үлгерімін талдау қорытындылары, білім алушылардың практикада теориялық білімдерін қолдана алатындықтарын, қажетті кәсіби қызметте практикалық білікке ие екендігін көрсетті.

Қосымша 24. Ынтымақтастық туралы меморандумдары.

Колледждің әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланысы техникалық және кәсіптік білімнің дамуының бірден-бір шарты болып табылады. Қалалық мәдени-ағарту бірлестігімен әлеуметтік серіктестік жөнінде еңбек келісімі негізінде және Орал қаласы әкімдігі, Қалалық халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің меморандумы негізінде серіктестермен студенттерді тәжірибе жинақтау, еңбекпен қамтылу жұмыстары жүргізілді. Бүгінгі күнде колледж облыстың 25 білім беру мекемесімен әлеуметтік серіктестік туралы келісім-шартқа отырды.

Колледждің оқу орындармен әріптестігін дамыту жұмыстарының негізгі бағыттары:

- жұмыс берушілермен бірлесіп мамандықтар бойынша кәсіптік стандарттар жасақтау;
- базалық мектептер мен балабақшаларда ұйымдастырылатын кәсіби практиканың сапасын көтеру;
- мектеп мұғалімдері мен тәрбиешілердің біліктілігін көтеру мақсатында курстар, педагогикалық десант, әдістемелік семинарлар ұйымдастыру;
- кәсіптік практика базаларындағы озат мұғалімдердің іс-тәжірибелерін талдау, жинақтау, тарату;
- түлектерді жұмыспен қамту.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына, «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес және білім беру жүйесінде озық тәжірибелерді алмаса отырып ынтымақтастықта жұмыс жасау принциптерін негізге алып, педагог мамандардың кәсіби сапалылығын арттыру мақсатында БҚ облысының 5 аудандық білім беру бөлімдерімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Меморандумның негізгі мақсаты «Колледж» дайындаған Педагогикалық сынып ережесін басшылыққа ала отырып құрылған «Педагогикалық мамандыққа кіріспе» элективтік курсының жұмыс бағдарламасы арқылы «білім беру бөлімі» өз аймағындағы еңбек нарығында сұранысқа ие болып отырған педагогикалық мамандықтарға оқушылардың қызығушылығын оятып, тарту, колледжге келетін талапкерлердің сапасын артыру мақсатында педагогикалық сыныптар ұйымдастырады және ол жұмысты «колледж - білім беру бөлімі» серіктестік жүйесін тиімді дамытуды қамтамасыз ету болды.

2018-2019 оқу жылының 6 желтоқсан күні колледжде *Еркін микрофон- «Шеберге 100 сұрақ» атты облыстық және қалалық мектептердің шебер педагогтарымен кездесу* өткізілді. Кездесудің мақсаты- колледжіміздің жас мамандарымен бітіруші түлектеріне өз шеберліктерінің қыры мен сырын, ізденіс жолы мен бағыттарын, өсу векторлары жөнінде ой бөлісу.

Кездесуге дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешені Жоғары санатты бастауыш сынып мұғалімі, зерттеуші педагог- Габбасова Ұлдай Қаресқызы, А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясының жоғары санатты бастауыш сынып мұғалімі- Оразова Анаргүл Қабдолқызы, №37 ЖОББ мектептің бастауыш сынып мұғалімі, Бақытжамал Алибековна, №1 ЖОББ мектептің жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, «Зерттеуші педагог»- Сахасова Шынжібек Хабдилшапихқызы, Ж.Молдағалиев атындағы №2 ЖОББ мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі-Жұмабаева Алма Әлібекқызы, №40ЖОББ мектептің бастауыш сынып мұғалімі, зерттеуші педагог- Бірәлі Ботакөз Мақсотқызы шақырылды.



Мектеп мұғалімдеріне педагогикалық тәжірибе, педагогикалық ізденіс, педагогикалық шығармашылық т.б. ұғымдарға терең түсінік беріп, өз тәжірибелеріне арналған жеке сұрақтарға, жас мамандар мен бітіруші түлектеріміздің сұрақтарына кеңес беріп, ой бөлісті. Кездесу жас мамандарымыз үшін тиімді болды, қызметтерінде кездесіп жатырған қиындықтарды шешудің әдіс-тәсілдерін сырласа отырып таба алды. Жүрекше хаттарға өз тілектерін жазып, кездесуге келген қонақтарымызға ұсынды. Кері байланыс смайликтері арқылы мұғалімдердің кездесуден алған жағымды әсерлерін біліп, алғыс хаттар берілді.

13 қазан күні практика бөлімі әлеуметтік серіктестермен жұмыстың жоспарына сай «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасымен бірлесе «*Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқыту жолдары*» тақырыбындағы колледж оқытушылары мен жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдерінің ғылыми – әдістемелік конференциясы өтті. Конференцияның мақсаты: жаңартылған білім беру мазмұны бойынша колледж оқытушылары мен жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдерінің өзара тәжірибе алмасу, кәсіби біліктіліктерін арттыру. Конференцияға №30 (Ж.Н. Ишанғалиева қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші, М.Б. Мендигарина бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор, А.Қ.Хамбетова жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, А.Р.Кенжеғалиева екінші санатты бастауыш сынып мұғалімі, педагог- модератор, колледж түлегі), №19 (Г.Нұрғали), №4 (бастауыш сынып мұғалімі, колледждің 2001 жылғы түлегі Қ.М.Шонбаева), №20 (орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, колледждің 2010 жылғы үздік түлегі Г.Е.Абдулова) мектептердің қазақ тілі мен әдебиеті және бастауыш сынып мұғалімдері шақырылды. Сонымен қатар колледж оқытушылары, «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» біліктілігінің 3-4 курс студенттері (53 студент) қатысты.

Конференция бағдарламасы бойынша төмендегі оқытушылардың баяндамалары оқылды.

1. «*Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында қазақ тілін оқыту*» қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы меңгерушісі Қ.Ү.Жақыпова
2. «*ЖББМ бойынша қазақ тілінен ҚМЖ құрылымдау жолдары*» Ж.Н. Ишанғалиева қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші, М.Б. Мендигарина бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор №30 ЖОББМ
3. «*ЖББМ бойынша қазақ әдебиетінен ҚМЖ құрылымдау жолдары*» А.Қ.Хамбетова жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, А.Р.Кенжеғалиева екінші санатты бастауыш сынып мұғалімі, педагог- модератор №30 ЖОББМ
4. «*Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын, тілін дамытуда ойын технологиясын қолдану*» оқытушы А.Ж.Темрешева
5. «*Жаңартылған білім бағдарламасы бойынша бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер*». Қ.М.Шонбаева №4 ЖОББМ
6. «*Жаңартылған бағдарлама білім берудің жаңа мазмұны*» Г.Нұрғали №19 ЖОББМ
7. «*Білім алушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуда қолданылатын кеңейтілген тапсырмалар*» оқытушы Б.Т.Испанова
8. «*Жаңартылған бағдарлама - білім берудің жаңа мазмұны*» Г.Е.Абдулова №20 ЖОББМ
9. «*Фразеологизмдерді оқыту жолдары*» оқытушы Б.М.Кәрімова
10. «*Жаңаша оқыту-заман талабы*» оқытушы Б.Б.Құрманғалиева
11. «*Топтық жұмыстың оқушы белсенділігін арттырудағы ролі*» оқытушы



2018 жылдың 21 қараша күні педагогика, психология кафедрасының 10 күндігінің аясында практика бөлімі мен педагогика, психология кафедрасы оқытушылары «Жаңартылған білім мазмұны бойынша бастауыш сыныпта оқытудың ерекшеліктері» тақырыбында қалалық семинар өткізілді. Семинардың мақсаты-ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасында жағдай жасап, әлеуметтік серіктестіктермен тәжірибе алмасу және студенттердің білімін практикамен ұштастыру.

Семинарға облыстық және қалалық мектептердегі әлеуметтік серіктестер (№19ЖОББМ



бастауыш сынып мұғалімдері Дошаева А.Э., Тулешкалиева А.Ж., Утешкалиева Н.М., №46 ЖОББМ-тің директордың бастауыш сыныптар ісі жөніндегі орынбасары Хамитова Ж. Х., №44 ЖОББМ-тің бастауыш сыныптың мұғалімі Рахматуллина С.Ғ., С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернатының бастауыш сынып мұғалімі, жоғары зерттеуші-педагог Суханова Г.Р., Подстепной қазақ ЖОББМ-тің бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші Халиуллина Н.Х.), жаңартылған білім беру мазмұны бойынша курстан өтіп, өз білімдері мен тәжірибелерін колледжде, практика базаларында қолданып жүрген әдіскерлеріміз Г.М.Сапахова және Б.М.Каримовалар және «Бастауыш білім беру мұғалімі» мамандығының 1-3 курс студенттері қатысты.

11 желтоқсан күні колледжде практика бөлімі мен музыка кафедрасының ұйымдастыруымен «Жаңартылған білім беру бағдарлама бойынша музыка пәнін оқыту әдістері» тақырыбында практикалық семинар өтті. Семинарды ұйымдастырудағы мақсат-музыкалық білім беру мамандығында оқитын студенттерге жаңартылған білім беру жағдайында оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеруіне ықпал ету, жаңалыққа құштарлығын ояту, мектеп мұғалімдерімен оқу мен тәрбие жұмыстарында әдістердің тиімділігі туралы тәжірибе алмасу.



Семинарға қалалық қазақ мектептерінің және № 5 ЖОББМ жоғары санатты, музыка жетекшісі, С.А. Базарғалиева, қалалық орыс мектептерінің және № 9 ЖООБМ жоғары

санатты, музыка жетекшісі Л.В.Бригида, № 1 ЖОББМ-тің I санатты мұғалімі С.А.Мұхамбеткалиева, № 30ЖОББМ-тің I санатты мұғалімі Н.Б.Қазмағамбетова, №48 ЖОББМ-тің жоғары санатты мұғалім А.У.Батырова, №42 «Ақниет» гимназиясының I санатты мұғалімі Г.Ж.Елбаева, №49 ЖОББМ-тің жоғары санатты мұғалімі К.О.Тлеумағамбетов және музыка кафедрасының оқытушылары С.А.Утешкалиев, Р.Ә.Сүлейменова, Б.К.Мукажанова, А.К.Утебаевалар қатысты. Семинар аралға саяхат түрінде өтті. «Белгісіздік» аралында А.А.Батырханова музыкалық білім беру мамандығының 3-4 курс студенттермен оқу үрдісіндегі ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ айырмашылығын, сын тұрғысынан ойлау, оқыту мен оқуда АКТ пайдаланудың жолдары туралы топтық жұмыс ұйымдастырды.

2019-2020 оқу жылында колледж БҚО білім басқармасының қолдауымен 5 ауданда, 2 қала мектебі базасында педагогикалық кластар ұйымдастырды. Жалпы педагогикалық кластарда 148 оқушы білім алып, оның 59 тыңдаушысына аяқтағаны жөнінде сертификат табыс етілді. Педагогикалық сыныптарға әдістемелік көмек беру мақсатында күнтізбе жоспар құрастырылды.

Күнтізбе жоспар бойынша 19 қыркүйекте колледжде «Педагогикалық кластар-мамандыққа бастар жол» тақырыбында жобаның ашылу семинары өткізілді. Семинарға облыстық білім басқармасы жанындағы әдістемелік кабинеттің директоры А.О.Хамзина қатысты.

Семинардың мақсаты-БҚО білім басқармасының ұсынысымен мектептерде ашылған педагогикалық кластармен жұмыста колледж тарапынан әдістемелік көмек көрсету, өзара тәжірибе алмасу, бірлескен жұмыстың нәтижелі болуына жағдай жасау, өзекті проблемаларды айқындап, оны шешудің жолдарын бірлесе қарастыру.

Семинарға педагогикалық сынып ашуда серіктес болған Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы №1ЖОББМ, Бәйтерек ауданы Қ.Аманжолов ат. ЖОББМ, Тасқала ауданы, С.Жақсығұлов ат. ЖОББМ, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ЖОББМ, Теректі ауданы, Федоров ЖОББМ, Орал қаласынан №1.№3ЖОББМ директорлары мен оқу ісінің меңгерушілері және сабақ беретін мұғалімдер, облыстық әдістемелік кабинет әдіскері мен қалалық білім басқармасынан мектеп секторының меңгерушісі қатысты.



29 қазан күні колледжінде Облыс мектептеріндегі педагогикалық кластарға арналған әдістемелік семинар өткізілді. Семинардың негізгі мақсаты - педкласс тыңдаушыларын колледждің оқу және техникалық базасымен таныстырып, түрлі шеберлік сыныптар, студенттердің жобалық, шығармашылық жұмыстары арқылы өздерінің оқу іс-әрекеттеріне мотивация беру, педагогикалық сыныптардың мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету. Семинарға Ақсай қаласындағы №1 ЖОББМ, Бәйтерек ауданынан Қ.Аманжолов атындағы, Шыңғырлау ауданынан, Тасқала ауданынан С.Жақсығұлов атындағы, Теректі ауданынан Федоров, қаламыздағы №1, 3 ЖОББ мектептен барлығы 76 оқушы және 9 мұғалім қатысты.

Әдістемелік семинар педкласс мұғалімдеріне «Оқушылардың педагог мамандығына қызығушылығын арттыру» және оқушыларға «Менің болашақ оқу орным!», «Шеберлікке қадам. Шеберлік сыныптар» бөлімдерімен екі бөлек карусель әдісімен ұйымдастырылды.

Педсынып мұғалімдеріне арналған «Оқушылардың педагог мамандығына қызығушылығын арттыру» бөлімінде педагогика және психология кафедрасының жетекшісі Р.Қ.Ильясова «Педагогикалық мамандықтарға бейімдеудегі оқушылардың оқу іс-әрекеттерін

мотивациялау тәсілдері» тақырыбындағы баяндамасында мотив, мотивация және педагогикалық мотивация ұғымдарының мәнін ашып, олардың педагогикалық кластардағы оқу үдерісіндегі алатын орнына тоқталды. Педагогикалық мамандыққа мотивациялау әдіс-тәсілдерін, технологияларын мақсатқа сай қолдану жолдарын практикалық жұмыстар арқылы көрсетті.

Директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары З.Ғ.Мұхтар «Цифрлық технология – адамзат болашағы» тақырыбындағы баяндамасында bilimland.kz порталының және бүгінгі заманауи үрдіс-бұлтты технологиялар мүмкіндіктерін пайдалану жолдарын көрсетті. Соның ішінде Google формаларда жұмыс жасау мен Google дискті пайдалану қарастырылып, QR кодты жасау әдістері таныстырылды.

«Шеберлікке қадам. Шеберлік сыныптар» бөлімінде орыс тілі және әдебиеті кафедрасының жетекшісі А.С.Бекболатова «Маршрутная карта на уроках» тақырыбындағы шеберлік сыныбында «маршрутная карта» әдісін оқу-тәрбие үдерісінде қалай оңтайлы пайдалануға болтындығын өз тәжірибесі арқылы көрсетті.

Информатика пәнінің жоғары санатты оқытушысы С.С.Бекенова «Интеллектуалды ойындарды құрастыруды үйренейік» тақырыбындағы шеберлік сыныбында triventy, learningApps.org, learnis.ru т.б. веб-қызмет арқылы танымдық ойындар құрастыру арқылы оқушылардың логикалық ой-өрістерін дамыта отырып, сабаққа қызығушылық мотивациясын туғызуға болатындығы жөнінде өз іс-тәжірибесімен бөлісті.

Оқушыларға арналған «Менің болашақ оқу орным!» бөлімінде тыңдаушылар колледждегі «Рухани мұра» кабинеті, А.Бақтыгерева атындағы дәрісхана, студенттер галериясы, кітапхана, студенттер үйіне экскурсия жасап, колледжде оқитын студенттің білім мен тәрбие алуына, жеке басының жан-жақты дамуына, әлеуметтік жағдайға жасалынатын мүмкіндіктермен танысты.

«Шеберлікке қадам. Шеберлік сыныптар» бөлімінде педагогика және психология кафедрасының оқытушысы Л.С.Есенова және колледж психологы Н.Х.Құрманғалиева «Мамандыққа бастар жол» тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг мақсаты - оқушыларға мамандықты дұрыс таңдаудың маңыздылығын, таңдаған мамандықтардың өздеріне қоятын талаптарын ұғындыру және таңдаған мамандыққа жауапкершілікпен қарау, өзін-өзі басқаруды үйрету.

Көркем еңбек кафедрасының жетекшісі Н.А.Хамзин оқытушы Е.А.Жалдыбеков, директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Ж.Жонкарбаева, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту кафедрасының жоғары санатты оқытушысы Т.Ө.Маденовалар өткізген «Көркем қолөнер. Монотипия, оргами» тақырыбындағы шеберлік сыныптарында оқушылар өздерінің бойындағы шығармашылық қырларын ашуға мүмкіндік алып, әртүрлі дәстүрден тыс бейнелеу технологияларымен танысып, практикалық жұмыстар жасап, сұлулық әлеміне саяхат жасады.

Заманауи құралдармен жабдықталған STEM кабинетте математика және информатика кафедрасының жетекшісі Г.К.Сагидуллина, жаратылыстану пәнінің оқытушысы А.Т.Зайнуллинаның «Табиғат және физика» тақырыбында өткізген шеберлік сыныптарында оқушылар табиғатта өтетін физикалық құбылыстарды тәжірибе жүзінде жасап, тылсым табиғатта болатын өзгерістерді қызықтауға жағдай жасалынды.

Рефлексия бөлімінде семинарға қатысушы оқушылар колледж тынысы туралы көптеген мәлімет, үлкен эмоционалдық әсер алғандықтарын, оқу бітірген соң педагогикалық мамандыққа оқуға келгісі келетіндіктерін стикерлерге жазып пікірлерін білдірді.



14 қараша күні Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі мен Бәйтерек ауданының Қ.Аманжолов атындағы ЖОББ мектептің бірлесіп ұйымдастырған «Заманауи мұғалім бейнесі» атты облыстық семинары өтті. Шараға облыстық әдістемелік кабинетінің педагогикалық сыныпқа жауапты әдіскері, Бәйтерек ауданы әкімінің орынбасары Бисақаев Ерікқали Ғұмарұлы, білім беру бөлімінің басшысы Сафйуллин Серік Наженұлы, колледжден директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Мұқашев Мұхамбет Сұпығалиұлы, «Білім» бейіні бойынша оқу-әдістемелік бірлестік төрағасының орынбасары Нұрашева Гүлнар Сырымқызы, жоғары санатты колледж оқытушылары, студенттер қатысты.

Семинардың бірінші бөлімінде қатысушылар мектеп базасымен, педагогикалық сыныпта осы уақытқа дейінгі атқарылған жұмыстар және кейінде колледжбен бірлесіп қолға алынатын іс-шаралар туралы бейне баянмен танысты.

Семинардың екінші кезеңінде қатысушыларға педагогикалық сынып оқушыларының ұйымдастыруымен тренингтер, күлкі аялдамасы, ашың алаң көрсетілімдері ұсынылды. Сонымен қатар колледж мамандары оқушыларға «Заманауи мұғалім бейнесі», мектеп ұжымына «Мұғалімге 100 идея» тақырыбында коучингтер өткізді.

2020-2021 оқу жылында қыркүйек айында «Педагогикалық класстар-мамандыққа бастар жол» жобасы бойынша М.С.Мұқашев, Ж.Ж.Жоңқарбаева, Г.М.Кадралиева, базалық мектептер әкімшілігінің қатынасуымен семинары өтілді. Желтоқсан айында М.С.Мұқашев, А.М.Бижанов. Л.С.Есенова. Н.Х.Құрманғалиева «Zhahansha book» талапкерлерге жол көрсеткіш нұсқаулықпен таныстырып, «Мен болашақ мұғалім» моделін дайындау «Педагогикалық мамандықтардың артықшылығы мен басымдылықтары» онлайн тренинг жүргізілді. Ақпан айында «Мен көшбасшымын, Микс әдісі бойынша өлең жазу, «Идеал мұғалімнің портреті» бейнесінің коллажы, өз өңіріндегі озық педагог тәжірибиесін зерттеу бағытында онлайн байқау ұйымдастырылды. Сәуір айында «Білім -ел жетістігінің іргелі факторы» педагогикалық үрдістегі жаңа әдістермен таныстырып, . «Жаңа формация мұғалімі», «Бастауыш мектеп мұғалімінің ұстанымдары мен қағидалары» тақырыптарына Доминик Уайздың оқу құралы бойынша топтық жұмыс жүргізілді.


14.04.2021 күні ZOOM платформасында облыс мектептері жанындағы педагогикалық сыныптарға арналған «Зияткерлік мамандық» тақырыбындағы онлайн семинарға Бәйтерек ауданындағы Қ.Аманжолов, Теректі ауданындағы Федоровка, Шыңғырлау ауданындағы Шыңғырлау ЖОББ мектебі және Орал қаласындағы №1 ЖОББМ жанындағы педагогикалық сыныптар қатысты. Семинардың негізгі мақсаты педагогикалық сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру; оқушылар алдында педагогикалық мамандықтардың мәртебесін насихаттау; колледж базасында мамандар дайындауға жасалынған жағдайлар мен мүмкіндіктер туралы ақпарат беру; оқушыларының педагогикалық мамандықтар құндылықтары туралы көзқарастарын қалыптастыру екендігін таныстырды. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Р.М.Ғалымова «Сапалы маман дайындаудағы тәрбие жұмысының маңызы» тақырыбында презентациясын баяндады Педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі Л.С.Есенова «Болашақ педагогтың EQ-ін қалыптастыру» тақырыбында презентация жасады. Тыңдаушыларға эмоция мен эмоционалды интеллект туралы мәліметтер беріп, әр адамның өз эмоциясын басқару жолдарын көрсетті.

Колледж психологы Н.Х.Құрманғалиева «Әлемдік тенденция: педагогикалық мамандық» тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг барысында педагогикалық мамандықтың

артықшылықтарын айтып қана қоймай, «Мінезіміздің жарқын тұстары» атты психологиялық тест өткізді. Тындаушылар тренингке белсенді қатысып, өз қызығушылықтарын танытты.

25 желтоқсан күні ZOOM платформасында практика бөлімі облыс мектептеріндегі педагогикалық сыныптарға арналған әдістемелік онлайн семинарын ұйымдастырды. Тақырыбы: «Педагог мамандық-мәңгі жастықтың кәсібі» педагогикалық сыныптар оқушылармен онлайн көпір Педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі Л.С.Есенова «Мен-болашақ мұғалім» моделін дайындау тақырыбында баяндама жасап, қазіргі заман мұғалімі рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маманын жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты екенін түсіндірді.

Колледж психологы Н.Х.Кұрманғалиева «Педагогикалық мамандықтардың басымдылығы мен артықшылығы» тақырыбында тренинг өткізді. Назерке Хамитқызы қатысушы педагогикалық сынып оқушыларымен 5 бағытта (мемлекеттік қызметкер. ықылас. оқушылардың алғысы. «педагог мәртебесі туралы» заң, жоғары жалақы) педагогикалық мамандықтың басымдылықтары мен артықшылықтарын ойын түрінде қызықтыра отырып ұйымдастырды.



2021-2022 оқу жылының 15 қарашасында Бәйтерек ауданы Қ. Аманжолов атындағы ЖОББ мектеп базасында «Мамандықты дұрыс таңдау-табысты өмірдің кілті» тақырыбында облыстық семинар өтті. Семинарға педагогикалық колледж оқытушылары, студенттері, аудан әкімінің орынбасары, аудандық білім беру бөлімінің басшысы, облыстық білім беруді дамыту орталығының әдіскері, облыс бойынша эксперименттік алаңдардың жетекшілері, Қ. Аманжолов атындағы ЖОББМ педагогикалық сыныптардың ұстаздары мен ата –аналары, оқушылары қатысты.

Семинарда колледж директорының ОӨЖ жөніндегі орынбасары М.С.Мұқашев «Педагогикалық сынып-болашағынның басатауы» тақырыбында, колледж оқытушысы Л.С. Есенова «Мұғалім еңбегінің әлеуметтік маңызы» тақырыбында баяндама оқып, колледж психолог Н.Х.Курманғалиева семинарға қатысушы педсынып оқытушылары мен оқушыларына тренинг ұйымдастырып, тәжірибесімен бөлісті.

Көркем еңбек кафедрасының жетекшісі Н.А.Хамзин студенттердің шығармашылық жұмыстарының көрмесін таныстырды.



16 ақпан күні «Педагог мамандық- мәңгілік жастық кәсібі» тақырыбында педагогикалық сыныптармен онлайн мотивациялық дәріс сағаты өтті. Шараға Казталов, Бәйтерек, Қаратөбе, Сырым, Теректі аудандарындағы педагогикалық сынып оқушылары мен жетекшілері қатысты.

Педагогика және психология кафедрасының оқытушылары Р.М.Ғалымова «Кәсіби жолды жоспарлау» тақырыбында, «Мамандық таңдауда нені бағдар ретінде алуға болады?» сұрақтарына жауап ретінде мамандық таңдаудың формуласын ұсынды. Л.С.Есенова «Мұғалім еңбегінің әлеуметтік мәні» тақырыбында мұғалімнің қоғамдағы рөлін сипаттап, заманауи мұғалімнің типтерін талдады. Мұғалімге қойылатын қоғамдағы талаптар мен 4К моделі бойынша ой алмасты.

22 сәуір күні «Жасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллинг мәселесі» тақырыбында онлайн дәріс сағаты өтті. Педагогикалық сынып тыңдаушыларына білім алушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайту; адамгершілік қасиеттерді, мейірімділікті насихаттау, буллинг, кибербуллинг туралы ақпарат беру, қарым-қатынасқа байланысты құқықбұзушылықтың алдын алу бағдарламасы бойынша «Жасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллинг мәселесі» тақырыбындағы педагогика-психология кафедрасының оқытушылары Ғалиақпар А.Б., Халимуллина Д.Х., Нурланова Н.Б., дәріс өткізді. Аудандарда педагогикалық сыныптар жұмысы аясын кеңейту мақсатында Казталов, Қаратөбе, Сырым ауданының білім беру бөлімдерімен ынтымақтастық меморандумға қол қойылып, аталған аудандарда педсыныптар жұмыстарын бастады.

2021-2022 оқу жылының оқу-өндірістік жұмыс жоспарына сәйкес «Тәжірибелі әдіскерлер мектебі» ашылып, жоспарлы жұмысын бастады.

Қараша айының 26 күні «Тәжірибелі әдіскерлер мектебі» жұмысының аясында сабақты жоспарлауға байланысты «Шеберлік сағатын» облыстық педагогикалық шеберлік орталығының тренері А.С.Мурзашева жүргізді. Шараға жас мамандар мен бітіруші топ студенттері қатынасты. Шеберлік сағатында қазіргі таңдағы сабаққа қойылатын талаптар, сыни тұрғыдан ойлау, диалогтік оқыту, Блум таксономиясы қағидаларын сабақты жоспарлау мен өткізу барысында қолдану әдістемелерін көрсетті.



Ақпан айының 11 күні «Тәжірибелі әдіскерлер мектебі» жұмысының аясында сабақты жоспарлауға байланысты «Сабақ мақсатына жетудің тиімді жолдары» тақырыбындағы шеберлік сағатын №19 ЖОББ мектебінің педагог-зерттеушісі Г.Е.Нұрғали жүргізді. Шараға жас мамандар мен екінші курс студенттері қатысты. Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес әдістерді тиімді қолдана білу жолдарын көрсетіп, қатысушылармен бірлесе талдады.



Кәсіптік білім берудің қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне уақытылы бейімделуіне ықпал ететін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер, республиканың әлемдік деңгейде білім беру жүйесіне жетуде жасаған қадамдары осы кезге дейін педагогика теориясы мен практикасында бекітілген білім беру парадигмаларын, жүйелерін, әдістерін, формаларын жетілдіру талабын қойды. Білім алушының тұлғалық дамуының негізгі параметрлері оның жалпы адамзаттық құндылықтарға бағытталуы, ізгілік, зиялылық, креативтілік, белсенділік, жеке басының намыс сезімі, ой-пікірдегі тәуелсіздік болып табылады. Осы қасиеттердің даму деңгейі тұлғаның қалыптасу мен кәсіптік біліктілігінің көрсеткіштері деп қарастыруға болады. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі қоғам мен еңбек нарығының қажеттілігін уақыт талабына сай бейімдеу басты назарымызда.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: ...оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығуда» деп, білім жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Бұл міндеттерді шешу үшін оқытушылар күнделікті ізденісі арқылы оқу процесіне оқытудың ақпараттық-коммуникациялық, инновациялық технологияларын енгізіп, қалалық, облыстық, республикалық деңгейде шеберлік-сабақтарында қолданып, студентке бағытталған оқу ортасын құрып, озат тәжірибелерімен бөліседі. Атап айтсақ, білім беру үдерісін ізгілендіру технологиясы, STEM технологиясы ынтымақтастық технологиясы, Lesson Study технологиясы, Девид Марштың CLIL технологиясы, Action Research технологиясы, Кейс-технологиялар, сыни ойлау технологиясы, витагенді оқыту технологиясы және т.б. «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 28 тамыздағы № 374 бұйрығы негізінде педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту үшін колледж оқытушылары онлайн және офлайн форматындағы курстарға қатысып, біліктіліктерін арттырды. Нәтижесінде, педагогтердің бірлесіп оқыту және өзара іс-әрекет жасау негізінде коллаборативті ортаны қалыптастыру және цифрландыру жағдайында оқу процесін басқару бойынша практикалық дағдылары шыңдалды.

Қазіргі уақытта қоғамды цифрландыру жұмысы көптеген мемлекеттік жолдаулардың басты стратегиялық басымдығы болып табылады. Сондықтан барлық салаларда, яғни педагогика саласы білім саласында цифрлық технологияны кеңінен қолдануға студентке бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Осындай сандық технологияның дамыған уақытында болашақ мамандарға заманауи білім беру біздің басты міндетіміз. Себебі әрбір колледж оқытушысының алдына келген білім алушының базалық білім деңгейі, ойлау қабілеті әртүрлі болады. Осы тұста жаңашыл оқытушының іс-тәжірибиесінің ерекше тұсы – практикалық сабақтарда түрлендіріп жүргізілуі. Оны жүзеге асырудың бір жолы – заман талабына сай цифрлық технологияларды тиімді қолдану. Қазіргі таңда колледж оқытушылары болашақ мамандарға әдістемелік тұрғыдан қолдау көрсету мақсатында түрлі білім беру платформалары (smk.edu.kz, cpm.kz, bilimland), интернет ресурстарын тиімді қолданады. Студенттердің білімді тиімді қолдануы және қабылдауы мақсатында «Plickers», «Kahoot», «Wordwall», «ZipGrade» бағдарламаларының мүмкіндіктерін пайдаланады. Электронды-ресурстық кітапхананың сайтында білім алушыларға оқу әдебиеттері QR-код арқылы электрондық форматы қолжетімді. Сабақта оқытушылар оқу әдебиеттерінің тізбесін беріп, тапсырмаларды ZOOM платформасы арқылы кері байланыс жасады.

Қашықтықтан оқыту кезінде оқу процесін ұйымдастыруда екі басты мәселе басшылыққа алынды:

1. Техникалық сүйемелдеу
2. Әдістемелік сүйемелдеу

Оқытушылар қашықтықтан оқыту кезінде ZOOM, Bandicam, Lightworks, Adobe Premiere Elements бағдарламаларының мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, бейнесабақтар түсірілді.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларының болуы.

2018-2019 оқу жылынан бастап оқу орнымызда 0101000 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, 0103000 Дене тәрбиесі және спорт, 0104000 Кәсіптік білім беру (салалар бойынша), 0111000 Негізгі орта білім беру 011102 3 Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі, 011106 3 Математика мұғалімі, 011107 3 Физика мұғалімі, 011105 3 Өзін-өзі тану мұғалімі, 011114 3 Көркем еңбек пәнінің мұғалімі, 011108 3 Шетел тілі пәнінің мұғалімі біліктіліктері бойынша жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және

ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірленді. Жалпы білім беретін пәндер тізбесі мен көлемі қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша мамандық бейінін ескере отырып айқындалады, сондай-ақ барлық мамандықтар бойынша оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейлерінің екі пәні таңдалады. Қоғамдық-гуманитарлық бейіннің тереңдетілген оқыту деңгейіндегі пәндеріне "Дүниежүзі тарихы", "Химия", "Биология", "География" жатады. Бейіндік оқытудың осы бағытында стандартты деңгейдегі пәндерге "Физика", "Химия", "Графика және жобалау" жатады. Бұл топтардың жұмыс оқу жоспарлары, оқу процесін ұйымдастыру және іске асыру техникалық және кәсіптік білім берудің МЖМБС 1-қосымшасына сәйкес орта буын мамандарының деңгейлері үшін техникалық және кәсіптік білім берудің оқу жоспарларының моделі негізінде әзірленіп, жүзеге асырылады. Жұмыс оқу бағдарламалары оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, оқу жоспарларының барлық пәндері мен модульдері бойынша әзірленді (2019-2023 оқу жылдарындағы оқу-жұмыс жоспарлары мен бағдарламалары қоса беріледі).

Қосымша 25. 2018-2023 оқу жылдарына арналған жұмыс-оқу жоспарлары;

Қосымша 26. жұмыс-оқу бағдарламалары;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларының болуы.

Колледжде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларының негізінде 0101000 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, 0103000 Дене тәрбиесі және спорт, 0105000 Бастауыш білім беру, 0108000 Музыкалық білім беру, 0111000 Негізгі орта білім беру, 0511000 Туризм (салалар бойынша) мамандықтарының жұмыс-оқу жоспарлары әзірленген (Бағаланатын кезеңдегі жұмыс-оқу жоспарлары мен бағдарламалары көшірмелері қоса беріледі).

Қосымша 27. 2018-2019 оқу жылдарына арналған жұмыс-оқу жоспарлары;

Қосымша 28. 2018-2019 оқу жылдарына арналған жұмыс-оқу бағдарламалары;

4) оқу бағдарламалары мен жоспарлары негізінде білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру.

Колледжде оқу-тәрбие процесі Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы Заңының «Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру» 28-бабына, оқу бағдарламалары мен жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады. Оқу және тәрбие жұмыстарын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді. Колледжде оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау бекітілген оқу-тәрбие процесінің оқу жылына арналған графигі мен бекітілген теориялық және практикалық сабақтардың кестесі негізінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар оқу-тәрбие жұмысын есепке алу теориялық және өндірістік оқытудың есепке алу журналдарын және оқу бағдарламаларының оқу сағаттарында орындалуын есепке алу табельдерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Әр жылға оқу үрдісінің графигі құрылып, онда әр топтың апта саны, теориялық оқу аралығы, оқу және өндірістік практика мерзімдері, емтихан апталары, қысқы және жазғы демалыс уақыты көрсетіледі. Сонымен қатар әр жартыжылдық сайын теориялық және практикалық сабақтардың кестесі құрылады. Сабақ кестесінде сабақтың уақыты, толық түрде жазылған пәннің атауы, оқытушының тегі, өткізілетін дәрісхана нөмері көрсетілген. Сабақ кестесі тұрақты, тұтас семестрге директордың бекітуімен құрылады.

2022 жылы 31 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің хаттамасының негізінде колледжде 2022-2023 оқу жылына бастап теориялық оқытуды есепке алу журналдары электронды жүйеде жүзеге асырылады (SmartNation платформасында логин: zko.coll.hr.3

пароль: Aa123456*). (оқу-тәрбие процесінің бекітілген кестелері, теориялық және практикалық сабақтар кестелерінің көшірмелері, теориялық және өндірістік оқытудың есепке алу журналдары қоса беріледі).

Қосымша 29. Оқу-тәрбие процесінің бекітілген кестелері;

Қосымша 30. Теориялық және практикалық сабақтар кестелерінің көшірмелері;

Қосымша 31. Теориялық оқытуды есепке алу журналдары, 2018-2022 о.ж;

Қосымша 32. Өндірістік оқытуды есепке алу журналдары, 2018-2022 о.ж;

б) техникалық және кәсіптік білім берудің МЖМБС 1-қосымшасына сәйкес білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарының (бар болған жағдайда) деңгейлері үшін техникалық және кәсіптік білім берудің оқу жоспарының моделі бойынша оқу процесін ұйымдастыру және іске асыру (әр мамандық бойынша жұмыс-оқу жоспарларында айқындалған);

7) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6976 болып тіркелген) техникалық және кәсіптік білім берудің МЖБС-ның 2-қосымшасына және кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру және іске асыру

Оқу орнында 2021-2022 оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» № 152 бұйрығымен бекітілген модульдік-кредиттік технологиясымен 2 біліктілік бойынша білім алушылар қабылданды. Бұл топтардың оқу-тәрбие процесі оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл топтардың жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 117-бабына сәйкес әзірленген «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша «Педагогтің кәсіби стандарты» негізінде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірленді. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде әрбір модульдің көлемі кредиттердің бүтін санын құрайды. Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгеретін оқыту нәтижелері бойынша кредитпен өлшенеді.

9) орта білімнен кейінгі білім берудің МЖМБС қосымшасына сәйкес орта білімнен кейінгі білім берудің оқу жоспарының моделі бойынша оқу процесін ұйымдастыру және іске асыру.

Оқу орнында 2019-2020 оқу жылынан бастап қолданбалы бакалавр мамандарын даярлау жұмысы эксперименталды негізде басталды

Оқу процесі кредиттік оқыту технологиясы бойынша жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламалары базалық және кәсіптік пәндерді зерделеуді, өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өтуді, курстық және дипломдық жұмысты орындауды, аралық және қорытынды аттестаттаудан өтуді қамтиды. Оқу-жұмыс жоспары оқытудың барлық кезеңіне әзірленіп, педагогикалық кеңес шешімінің негізінде колледж басшысымен бекітілді. (Жұмыс оқу жоспарлары мен жеке оқу жоспарларының көшірмелері қоса беріледі).

Қосымша 33. Эксперименттік білім бағдарламалары

Қосымша 34 Жұмыс-оқу жоспарларының көшірмелері;

Қосымша 35. Аралық аттестаттау ведомостарының көшірмелері;

Қосымша 36. Қолданбалы бакалавриат бағдарламасы бойынша жұмыс-оқу бағдарламалары

10) зерделеудің реттілігін сақтау мен оқу пәндерін және (немесе) модульдерді интеграциялау, оқу уақытын олардың әрқайсысы бойынша курстар мен семестрлер бойынша бөлу (әр мамандық бойынша жұмыс-оқу жоспарларында айқындалған);

11) жалпы білім беретін пәндер тізбесі мен көлемін көздейтін бейіндік оқытуды ескере отырып, білім беру мазмұнының кәсіптік бағдарлануын іске асыру (әр мамандық бойынша жұмыс-оқу жоспарларында айқындалған);

12) топты кіші топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына сәйкес жалпы білім беретін пәндер бойынша сабақтар (қазақ тілі мен әдебиеті – оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін топтарда, орыс тілі мен әдебиеті – оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін топтарда, шет тілі, информатика, дене шынықтыру), жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша зертханалық жұмыстар мен практикалық сабақтар, сондай-ақ тізбесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес айқындалатын шеберханаларда (зертханаларда, білім беру ұйымдарында, оқу полигондарында және оқу шаруашылықтарында) өндірістік оқыту бойынша сабақтар өткізу кезінде оқу топтары саны 15 адамнан аспайтын кіші топтарға бөлінеді.

Сонымен қатар әр мамандықтық үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес арнайы пәндері кіші топтарға бөлінген. Мамандық бойынша әзірленген жұмыс-оқу жоспарының негізінде сабақ кестесі әзірленіп, топшаға бөлінген топтар айқындалып көрсетілген.

13) факультативтік сабақтар мен консультацияларды іске асыру.

Колледжде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы сәйкес әр мамандық бойынша білім алушылардың жеке қабілеттерін дамыту және көмек көрсету үшін факультативтік сабақтар мен консультациялар қарастырылған. Консультация білім беру бағдарламасын меңгеру кезінде білім алушыларға көмек көрсетуді қамтамасыз ететін оқу сабақтарының нысаны ретінде айқындалған. Әр мамандық бойынша консультация оқу жылына 100 сағаттан аспайды және аралық, қорытынды аттестаттау кезінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар консультация өткізу мерзімі аралық, қорытынды аттестаттау кестелерінде көрсетіледі.

Колледжде білім алушы студенттердің қызығушылықтарына қарай танымдық қабілетін арттыру мақсатында факультатив пәндері қосымша жүргізіледі. Факультативтерге жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес аптасына 4 сағаттан аспайтын сағаттар бөлінген.

Тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында колледжде студенттердің білім алу, жеке және мансаптық сұраныстарын қанағаттандыру үшін жұмыс істейтін студенттерді қолдау қызметтерінің: жатақханалардың, медициналық, орталықтардың, спорт залдар мен студенттердің қызығушылықтарына жауап беретін клубтар бар.

Факультативтік сабаққа қатысушы студенттер қалалық, облыстық, республикалық байқау, конкурстарға қатысып, өздерінің шығармашылық қабілеттерін шыңдай алады.

Болашақ маманның жан-жақты қалыптасуын жетілдіру мақсатында колледжде төмендегідей үйірме, секция және факультативтер жұмыс істейді

Қосымша 37. Факультатив оқу жұмыс бағдарламалары.

Қосымша 38. Үйірме, секция жұмыстарының жылдық жоспарлары;

Колледждегі үйірмелер мен клубтар, жастар ұйымдары

	Атауы	Үйірме мүшелерінің саны	Жетекшісі
1	«Вдохновение»	25	Г.С.Габбасова А.Б.Молдағалиева
	Секреты публичного выступления	25	Шагиева Н.Н.
	Драма клубы	50	Бекбулатова А.С.
2	«Дарын» клубы	80	Хамза Жандос
	«Зерде» клубы	75	Қ.К.Жақыпова
	"Ұлағат" дебат клубы	30	Курманғалиева Н.Х.
3	Суретші- безендіруші	26	Хамзин Н.А.
	Ұлттық қолөнер бұйымдарын үлгілеу	40	Жонқарбаева Ж.Ж
	Былғарыны көркем өңдеу	35	Жайманова Л.А.
	Қолөнер	30	Жалдыбеков Е.А.
4	«Атамұра» қазақ ұлттық аспаптар ансамблі	35	Ескайров К.А.
	«Art music» инструменталды ансамблі	25	В.А.Кожевников
	«Лира» вокалдық-эстрадалық ансамблі	30	Б.Н.Бакимов А.А.Ахметова
	«Балақан» балалар музыкалық театры «Школа аниматоров»	30	Н.М.Нурушева Ж.А.Нургалиева
5	Математикалық сауаттылық: логика және өмірдегі математика	25	Г.М.Сапахова А.Т.Утегенова
	Physics stady (Физиканы зерттеу)	35	Г.К.Сүйінғалиева
	Цифрлық сауаттылық	40	Г.Б.Султанова
	It студенті	30	А.К.Джумағазиева
	«Web дизайн»	25	А.С.Батыкова
	Интерактив	25	Р.С.Султанғалиев
6	Қыздар клубы	30	Л.С.Есенова
7	Веселая идея	82	Қ.Түлеушева А.М.Хамбетова
8	«Lingua»	35	Ш.Е.Мухтарова
	«Gaudeamus»	25	Давлетқалиева Д.А. Сатыбалдиева А.Б.
	Клуб «Friendship»	27	Урашева А.Ж.
	“Let’s learn English”	31	А.Т.Даулетқалиева
	«Spoken English»	35	Б.Д.Сағатова
	Студенттердің ғылыми қоғамы	55	Глеужанова, Букесова, Дербіс
9	Спорттық секциялар	650	Муратбекова А.А.
	"Жас сарбаз" әскери-патриоттық клубы	25	Н.З.Утеғалиев
	Мылтық ату үйірмесі	25	Н.З.Утеғалиев
10	«Жас эколог» үйірмесі	70	А.Дусалиева
11	«Студенттік Парламент» «Өзін-өзі басқару» ұйымдары	650	Парахатов Н.

«Ынтымақ» еріктілер клубы	55	Мажитов Қ.
«Жас Отан» ЖҚ	50	Сағидолла С.
«Саналы ұрпақ»	45	Мажитов Қ.Х.

Жастардың құқықтары мен міндеттері төңірегіндегі пікірталастар – жастар комитеті, студенттік парламент, «Ар-намыс» саяси-интеллектуалдық мектебі мен «Парасат» дебат клубтарының біріккен отырысында жиі талқыға салынатын тақырыптардың бірі. Аталмыш тақырып аясында құқық қорғау қызметкерлері колледж студенттерімен жиі әңгімелер жүргізіп, бүгінгі қоғамда болып жатқан өзекті мәселелерді өскелең буынға жеткізіп тұрады.

ТӘРБИЕ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАР



«Жаһанша жолымен» тарихи-танымдық экспедициясы



2021-2022 оқу жылының I жартыжылдығында үйірме-клубтардың альбомдары жасалды. Арнайы жасалған альбомдарда үйірме-факультативтердің атқарған жұмыстары, жетістіктері көрсетілді.

14) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13395 болып тіркелген) МЖМБС талаптарына және кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларына және кәсіпорындарды (ұйымдарды) практика базасы ретінде айқындау қағидаларына сәйкес өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы жүзеге асыру және одан өту.

Колледжде теориялық оқытумен қатар өндірістік оқыту және кәсіптік практика жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығының «Техникалық және кәсіптік білім берудің мазмұнына оқыту нәтижелеріне бағдар жасай отырып қойылатын талаптар» атты 2-тарауына сәйкес кәсіптік практика оқу, өндірістік және дипломалды болып бөлінеді. Өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы өткізу мерзімдері мен мазмұны оқу процесінің жоспарымен және жұмыс оқу бағдарламаларымен айқындалады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығының негізінде оқу орнымызда білім алушылардың кәсіптік практикадан өту үшін практика базалары ретінде облыстық, қалалық, аудандық білім мекемелерімен келісім шарт жасалып, практикадан өтудің бағдарламасы бекітіледі (*Кәсіптік практика бағдарламалары қоса беріледі*).

Қосымша 39. 2017-2022 жылдар аралығындағы кәсіптік практика бағдарламалары;

Білім алушыларға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығының 1, 2-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша кәсіптік практиканы өту туралы жолдамасы және күнделік-есеп беріледі. Кәсіптік тәжірибеге жолдамалар оқу орнының басшысының бұйрығымен және тәжірибе жетекшісімен уақытты көрсете отырып толтырылады. Күнделік-есепте мектеп тарапынан бекітілген мектеп әдіскерлері білім алушының практиканың мақсат-міндеттеріне сай қорытынды баға, мінездеме жазылады. Практика аяқталғаннан кейін білім алушы тәжірибе нәтижелері бойынша жазбаша есеп жасайды. Күнделік есепте білім алушының практика кезіндегі жазбаша есебі көрсетілген. Білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуі кезінде білім беру ұйымынан жетекшілер тағайындалады (Кәсіптік практиканы өту жолдамасы мен күнделік-есеп үлгілері, әдіскерлер есептерінің үлгілері қоса беріледі).

Қосымша 40. Кәсіптік практиканы ұйымдастыру жоспарлары

Қосымша 41. Кәсіптік практикадан өту кестелері

Қосымша 42. Кәсіптік практика қорытындысы бойынша хаттамалар

Қосымша 43. Кәсіптік практикадан өту жолдамасы мен күнделік-есеп;

Қосымша 44. Практика бөлімінің есебі.

Кәсіптік практиканың базасы ретінде анықталған білім беру ұйымымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен бекітілген кәсіптік практикадан өткізуге арналған үлгілік шартқа сәйкес кәсіптік практикадан өту туралы шарт жасалады (*кәсіптік практикадан өту туралы шарт үлгілері қоса беріледі*).

Қосымша 45. 2018-2023 жылдар аралығындағы кәсіптік практикадан өту туралы келісім шарттар.

15) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік

қағидаларына сәйкес білім алушыларды бақылау, ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттау нысандарын жүргізу.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығының «Техникалық және кәсіптік білім берудің мазмұнына оқыту нәтижелеріне бағдар жасай отырып қойылатын талаптар» атты 2-тарауына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы №125 бұйрығының 2-қосымшасының негізінде жүзеге асырылады. Ағымдағы бақылау пәндер немесе модульдер бойынша практикалық және семинарлық сабақтар жоқ болған жағдайда, оқытушының оқу бағдарламасында көзделген міндетті бақылау жұмыстарын тексеруі арқылы, оның ішінде оқытудың жеке траекториясын ескере отырып жүзеге асырылады. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүргізу нысандарын педагог оқу материалының мақсатын, мазмұнын ескере отырып анықтайды. Білім алушыларды аралық аттестаттаудан өткізу пәндерінің немесе модульдерінің тізбесі мен нысанын оқу жұмыс жоспарларына сәйкес белгіленеді және оқу жылының басында оқу процесінің кестесіне енгізіледі. Жалпы білім беретін пәндер бойынша аралық аттестаттау: қазақ тілі, орыс тілі және әдебиеті, Қазақстан тарихы, математика және тереңдетілген деңгейдегі пән бойынша емтихандар өткізіледі. Жалпы білім беретін пәндер бойынша емтихандар "Жалпы білім беретін пәндер" модуліне бөлінген кредиттер/сағаттар есебінен өткізіледі. Оқу орнында білім алушыларды аралық аттестаттау оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес курстық жұмыстарды қорғау, практика бойынша есептер, сынақтар және емтихандар нысанында жүзеге асырылады, бұл ретте сынақтар мен курстық жұмыстарды қорғау емтихандар басталғанға дейін өткізіледі. Егер ағымдағы семестрдің оқу жоспарында аталған пән немесе модуль бойынша емтихан немесе қорытынды сынақ түрінде аралық аттестаттау қарастырылмаса, сынақтар келесі семестрге ауысқан пәндер немесе модульдер бойынша өткізіледі. Білім алушыларды аралық аттестаттау материалдары әрбір оқу пәнінің немесе модульдің оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларының негізінде жасалады. Аралық аттестаттауға шығарылмайтын пәндер, модульдер бойынша қорытынды бағаларды оқытушылар курс аяқталған соң үлгерімді ағымдағы бақылау бағаларының негізінде қояды. Бақылау жұмыстары, сынақтар және курстық жұмыстар пәнді, соның ішінде модульге біріктірілген пәнді оқуға бөлінген оқу уақыты есебінен, емтихандар – аралық немесе қорытынды аттестаттауға бөлінген мерзімде өткізіледі. Аралық аттестаттауға әрбір пән немесе модуль бойынша оқу жұмыс жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес барлық практикалық, және курстық жұмыстарды, сынақтарды толық орындаған және ағымдағы білім есебінің қорытындысы бойынша қанағаттанарлықсыз бағасы жоқ білім алушылар жіберіледі. Белгіленген курстағы оқу жоспарының талаптарын толықтай орындаған, аралық аттестаттаудың барлық сынақтары мен емтихандарын табысты тапсырған білім алушылар келесі курсқа техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен көшіріледі (*аралық аттестаттау графиктерінің көшірмелері қоса беріледі*).

Қосымша 46. 2018-2022 ж. аралық аттестаттау кестелері.

Қосымша 47. 2018-2022 ж. сынақ және емтихан ведомосттары

16) білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес ұлттық құндылықтарды дарытуға, патриотизм мен азаматтықты қалыптастыруға, білім алушылардың жан-жақты мүдделері мен қабілеттерін дамытуға бағытталған тәрбие компонентін іске асыру.

Қазіргі қоғам адамның тек қана кәсіби білімді болуын талап етіп қоймай, жоғары деңгейдегі мәдениет, ғылым мен техниканың түрлі салаларында терең мамандануын, сондай-ақ, заман талабына сай тіршілік ете білуді талап етеді. Студенттің тұлғалық дамуының негізгі параметрлері оның жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталуы, ізгілік, зиялылық, креативтілік, белсенділік, жеке басының намысы, ой-пікір тәуелсіздігі болып табылады. Осы

қасиеттердің даму деңгейі тұлғаның әлеуметтік қалыптасу мен әлеуметтік біліктілігінің көрсеткіштері деп қарастыруға болады.

Жоғарыда аталған құндылықтарды болашақ мамандардың бойында қалыптастыру үшін колледж студент-жастарды әлеуметтендіру бағытында төмендегідей мақсат-міндеттерді алға қояды:

- Әлеуметтік-саяси жағдайда, өз көзқарасы мен сеніміне, ізгілікті құндылықтарға сүйене отырып мақсат қоя білетін тұлғаны қалыптастыру;
- Ұлттық санасы қалыптасқан, азаматтық, отан сүйгіштік қасиеттерін бойына сіңірген, елінің экономикалық және мәдени тұрғыда дамып, әлемдік қоғамда зиялы мемлекет болып қалыптасуына үлес қосуға талпынысы бар жоғары сапалы студент тәрбиелеу;
- Қазақстан Республикасының Заңдарын сыйлайтын және әлеуметтік жауапкершілікті сезінетін, азаматтық ерлігі, ішкі еркіндігі мен өзіндік ар-намысын жоғары бағалайтын өскелең ұрпақ тәрбиелеу;
- Өзін объективті бағалайтын, өзін-өзі дамытатын, қабілеті қалыптасқан, өз потенциалын (қабілетін, мүмкіншілігін) біліп, оны іске асыра алатын, өздігінен шешім қабылдап, алдына мақсат қоя білетін және алдын ала болжай алатын еркін тұлғалық қасиеттерге бейімдеу;

Өмірде барлық жағынан жоғары әлеуметтік белсенді, жаңаны іздеуге, өмірлік және кәсіптік мәселелердің стандартты емес шешімдерін таба алатын, әлеуметтік-экономикалық жағдайда бәсекелестікке қабілетті маман даярлау.

Жоғарыда аталған мақсаттарды іске асыру бағытында төмендегідей нормативтік-заңнамалық актілер, тұжырымдамалар мен бағдарламалар басшылыққа алынады:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз, 1995 жыл;
2. "Қазақстан Республикасы Бала құқықтары туралы" Заңы, 8 тамыз 2002 жыл;
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 27 желтоқсан, 2019 жыл;
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы заңы. 12 қазан, 2021 жыл;
5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы заңы. 9 ақпан 2015 жыл;
6. "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" ҚР Кодексі 18 қыркүйек 2009 жыл
7. "ҚР Тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-І ҚР Заңы (17.11.2021ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)
8. "Неке және отбасы туралы" ҚР Заңы (24.12.01№276)1 шілде, 2020 жыл
9. "Құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз қалуының алдын алу туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591-ІІ ҚР Заңы (19.12.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)
10. "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-ІV ҚР Заңы (22.12.2016 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)
11. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы;
12. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №227 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» 22 сәуір, 2015 жыл;
13. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» №130 бұйрығы 6 сәуір 2020 жыл.

Тұлғаны әлеуметтендіру және мәдени-интеллектуалдық қабілетін, әлеуметтік құзіреттілігін қалыптастыру мақсатына колледждегі тәрбие жұмысы оқу жылының басында Қазақстан

Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы және колледждің әрбір оқу жылына арналған кешенді білім бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

Қосымша 48. 2018-2023 оқу жылдарына арналған тәрбие жұмысының жоспарлары.

Қосымша 49. 2018-2022 оқу жылдарына арналған тәрбие жұмысының есептері.

Білім беру стандартына сәйкес колледж оқытушыларына топ жетекшілік міндеті жүктеледі. Топ жетекшісі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі және «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына сәйкес жасалған қызметтік нұсқаулық негізінде жұмыс жүргізеді.

Қызметтік нұсқаулық топ жетекшісінің міндетін және жауапкершілігін анықтайды. Топ жетекшісі директордың орынбасарлары мен бөлім меңгерушісіне бағынышты және оларға есеп береді. Топ жетекшілік жұмысы 1 курстан бастап, 4 курс аяқталғанша жүргізіледі. 2022-2023 оқу жылында 63 топ жетекшісі жұмыс атқарады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» Қ.Р Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы нормативті құжаттарына және колледждің кешенді білім бағдарламасына сәйкес топ жетекшілері оқу жылына тәрбие жоспарын жасап, соған негізделе студенттермен жұмыс жүргізеді:

1. Ұйымдастыру жұмыстары;
2. Топ ұжымымен жұмыс;
3. Жеке-дара жұмыс;
4. Әлеуметтік статусқа ие студенттермен жұмыс;
5. Белсенділер тобымен жұмыс;
6. Ата-аналармен жұмыс;
7. Топта сабақ беретін оқытушылармен жұмыс;

Топ ұжымы қызметінің негізгі бағыттары мен формалары:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-адамгершілік тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасы тәрбиесі;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты;
9. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары;
10. Діни сауаттылықты арттыруға бағытталған жұмыстар.

Қосымша 50. Тәрбие бағыттары бойынша іс-шаралар әзірлемелері мен жоспарлары;

Қосымша 51. Топ жетекшілерінің жылдық жоспарлары;

Топ жетекшілері топпен жүргізілетін тәрбие жұмыстарын жүйелі ұйымдастырып, студенттермен рухани-адамгершілік, өнегелілік, ізгілік, парасат, адами құндылық тақырыптарында әңгіме жүргізіп отырады. Қыз балалар тәрбиесіне аса назар аударып, оларға көркем-эстетикалық тәрбиенің озық үлгілерін насихаттайды, қыз бала бойында парасаттылықпен сұлулықтың гармониялық үйлесіммен қалыптасуына назар аударады. Ер балалардың мінез-құлқының нағыз азаматтық болмыспен үйлесуіне ықпал етіп, тектілік пен мәрттіліктің, рухани құндылық пен парасаттың, елжандылық пен ізгіліктің қатар дамуына көңіл бөледі. Ата-аналармен бала тәрбиесіне қатысты мәселелерде бірлесе жұмыс істейді, ата-аналармен жиі кездесу ұйымдастырып, әрдайым байланыста болып, кез келген жағдайда алдымен ата-ананы хабардар ету міндеттеледі. 2020-2021 оқу жылдары COVID-19 коронавирустық инфекциясына байланысты тәрбие жұмыстары қашықтықтан ұйымдастырылды. Топ жетекшілер жатақханада тұратын топ студенттерінің тұрмыс жағдайымен танысып, жатақхана тәрбиешілерімен, жатақхана кеңесімен тығыз байланыс жасайды. Топтағы тәрбие жұмыстарының өтілгенін айғақтайтын басты құжат – топ жетекшісі

журналын толтырады. Топпен жүргізген жұмыстары туралы оқу жылының соңында тәрбие бөліміне жылдық есеп береді. Қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, студенттердің қоғамдық белсенділігін қалыптастыру жұмыстарын жүргізеді. Топ жетекшілері студенттің әлеуметтенуіне, қоғамдық өмірге бейімделуіне, болашақ педагог ретінде жан-жақты қалыптасуына жауапты.

Топ жетекшісінің портфолиосында толық құжаттар және өткізілетін іс-шаралардың сценарийлері, фото суреттері, студенттердің жетістіктері туралы мәлімет жинақталады.

Топ жетекшілер отырысы жылына екі рет өткізіледі. Отырыста студенттерді әлеуметтендіру саласында кездесетін өзекті мәселелер көтеріліп, тәжірибе алмасу мәселелері мен қатар құқық бұзушылықтың алдын алу шараларының жоспарының орындалуы қарастырылады. 2021-2022 оқу жылында топ жетекшілерімен бірлесе отырып, интеллектуалды тұлға қалыптастыру жолында кездесетін проблемаларды анықтап оның шешу жолдарын қарастыру және студенттің жан дүниесіне үңілу жолындағы кедергілерді жою, интеллектуалды тұлғаның макетін бірлесе жасау мақсатында «Студенттердің интеллектуалды тұлға ретінде қалыптасу жолдары» әдістемелік семинар ұйымдастырылды.

Колледждің жастар ісі жөніндегі комитетінің жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 18 қаңтарындағы №24 бұйрығының 1-қосымшасы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымында Жастар ісі жөніндегі комитеттің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізінде жүргізіледі.

Жастар ісі жөніндегі комитетінің негізгі мақсаты – колледждегі жастар саясатын жүзеге асыру, студенттердің лидерлік қасиеттерін дамыту. Комитет және студенттердің басшылығымен студенттер колледж өмірінде, қала деңгейінде жүргізілетін жұмыстарға белсене атсалысып келеді. Сонымен қатар, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамытудың «Мектеп/студенттік парламент» тұжырымдамасы негізінде колледжде 2020-2021 оқу жылынан бастап Студенттік парламент жұмыс істейді. Студенттік парламенттің мақсаты – білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу. Қаламызда орналасқан барлық қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыс орнатып, бірлестіктермен жүйелі жұмыс жүргізудің нәтижесінде колледж студенттерінің 55%-ы қала өміріндегі бұқаралық іс-шараларға етене араласа отырып, қала мәдениетінің, өнерінің дамуына өздерінің сүбелі үлестерін қосып жүр. Қала, облыс әкімдігі тарапынан колледж студенттерінің еңбектері назардан тыс қалмай, мемлекеттік мерекелерде әкімдіктің арнайы алғыс хаттарымен марапатталуда.

Колледжде өзін-өзі басқару нысаны саналатын жастар комитетінің құрамына жатақхана кеңесі, топ басшылары, ұйымдастырушылар және студенттер активі кіреді.

Жастар комитеті студенттерден түскен өтініштер мен шағымдарды әкімшілікке жеткізе отырып, бірлесе шешім қабылдайды. Студенттердің арасында өткізілетін мәдени іс-шараларды ұйымдастырумен айналысады. Жастар комитеті студенттердің қоғамдық жұмыстарда белсенділік таныту мақсатында түрлі бірлестіктермен тығыз жұмыс жүргізуде.

Оқытушы Б.Құрманғалиева Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақиық ақын Ж.Молдағалиевтің поэзиясына арналған «Артында өшпейтұғын сөз қалдырған» атты дәстүрлі облыстық «Жұбан оқулары» байқауына 3пҚМҚ тобы студенті М.Мажитова қатысып, үздік өнер көрсеткені үшін марапатталды.



Қаздауысты Қазбек бидің 350 жылдық мерейтойына арналған «Бабалар сөзі – ақылдың көзі» атты республикалық мәнерлеп оқу сайысында оқытушы А.А.Жолдасованың жетекшілігімен 4 аҚШО А.Қайырғалиев жүлделі 2-орын алды



Орал қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қолдауымен «Жастар мәдениет үйі» МКҚК ұйымдастыруымен облыстық Абай атындағы көркемсөз оқу шеберлері байқауы өтті. 2-ші орынды Боранбаев Айбек пен Ербол есімді студент қанжығасына байлады.



19.04.2018 күні Қадыр Мырза Әлі атындағы мәдениет және өнер орталығында облыстық тілдерді дамыту орталығының ұйымдастыруымен Оралхан Бөкей атындағы көркем сөз шеберлерінің дәстүрлі облыстық байқауы болып өтті. 2-курс студенті Садырбекова Аяужан жүлделі 3-орынды иеленді. Байқаудың үш бөлімінде де О. Бөкейдің қазақ әдебиетінің үш жанры бойынша өнер көрсетті. «Атау кере» романынан, «Құлыным менің» пьесасынан үзінді, «Оңаша ойлар» өлеңін нақышына келтіріп, мәнерлеп оқыды.

Кафедра оқытушы Қ.Ү.Жақыпова «Сапа белгісі» орталығының «Білімге зор үлес қосқаны үшін» медалімен марапатталды. орын иеленді.



Сырттай ұйымдастырылған байқаудың бірінші кезеңіне «Антоним.Бесік» тақырыбындағы сабағы бойынша бейнематериалы сабақтың қатарында болып, айналымға байқауға шақырту алды. 19-20 сәуір Астана қаласында ҚАЗГЮУ базасында ұйымдастырылған «Қазақ тілін креативті үздік тәсілдері» атты республикалық




үздік 30
өтіп,
күндері

оқытудың байқауға филология кафедрасының оқытушысы А.М.Нахметова қатысып, «Үздік әдіскер» номинациясын иеленді.

Оқытушы А.Нахметова Республикалық «Рухани жаңғыру-елдіктің тірегі» ғылыми жобалар байқауының «Өскен өңір тарихы» бөліміне қатысып «Шыңғырлау тарихы» тақырыбында жүлделі 3 орын алса, «Ертегілер әлеміне саяхат» конкурсында 1 орынға ие болды.Сонымен қатар осы байқауда шығармашылық белсенділігі үшін Алғыс хатпен марапатталды

Студенттер жетістіктері:

ЗпҚМҚ тобы студенті З.Мамут «Жаһанша ізімен» тарихи экспедициясының Сырым, Қартөбе еліне жорығы туралы әңгімеледі. Осы отырыста М.Зафураға оқуда үздік, қоғамдық жұмыста белсенділігі үшін Ж.Досмұхамедов атындағы бір реттік стипендия табысталды.



Республикалық интернет байқауы	3	<ol style="list-style-type: none"> 1. Бас жүлде Мәнерлеп оқу Орынбасар.Б. 1аКШК жет. А.Темрешева 2. Бас жүлде ақындық өнер Мәжитов Жажия жет. Б.Құрманғалиева 3.1-орын ақындық өнер Әлібекұлы А. жет. Б.Құрманғалиева 4.Мәнерлеп оқу 1-орын Джангужиева Ә. Жет. А.Темрешева 5.Мәнерлеп оқу 1-орын
--------------------------------	---	--

		<p>Мукашев А. Жет.А.А.Жолдасова</p> <p>5. «Поэзияның асқар шыңы Мұқағали» Әлібекұлы Ақтілек 1-орын жет. А.Қойшекенова</p> <p>7. «Әкем-анам –жұмағым» байқауы 1-орын Б.Алмағамбетова жет. Б.Испанова</p> <p>8. «Сегіз қырлы бір сырлы» 1-орын Темірғали Н. жет. Б.Құрманғалиева</p> <p>9. Мәнерлеп оқу 1-орын, Болатжанқызы Н. жет.Құрманғалиева Б.</p> <p>10. «Поэзияның асқар шыңы Мұқағали» М.Қайырболатқызы 2-орын жет. Б.Испанова</p> <p>11. «Поэзияның асқар шыңы Мұқағали» Л.Мұхамбетжанова 2-орын жет. Б.Испанова</p> <p>2. Мәнерлеп оқу 2-орын Максимова А. Жет.А.Жолдасова</p> <p>13. Мәнерлеп оқу 2-орын А.Нұржан жет. Б.Испанова</p> <p>14. Мәнерлеп оқу 2-орын С.Ражманов жет. Б.Испанова</p> <p>15. Мәнерлеп оқу 3-орын А.Игизбаева. жет.А.Қойшекенова</p> <p>6. Мәнерлеп оқу 3-орын Г.Қаниева жет. Б.Испанова</p> <p>17. Мәнерлеп оқу 3-орын А.Төрехан жет. А.Қойшекенова</p> <p>19. көркем жазу 2-орын А.Салауат жет.А.А.Жолдасова</p> <p>20. 3-орын Асанова Д. Жет. А.Темрешева</p> <p>21. Көркем жазу 3-орын Маллабаев Қ. Жет. А.Темрешева</p> <p>22. Көркем жазу Н.Утеғалиева 3-орын жет.А.А.Жолдасова</p> <p>23.Бас Жүлде «Мен туған ауыл» А.Қалакес жет. А.Ж. Темрешева</p> <p>24.«Мен туған ауыл» 1-орын И.Досымбай жет. А.Ж. Темрешева</p> <p>25.«Мен туған ауыл» 1-орын Б.Мусин жет. А.Ж. Темрешева</p> <p>26.Көркем жазу 3-орын А.Рысқалиев жет.А.Темрешева</p> <p>27. Эссе байқауы 2-орын З.Мамут Жет.Б.М.Каримова</p>
Облыстық /қалалық	2	<p>1.«Жұбан оқулары» Бас жүлде З. Мамут жет. Қ.Ү.Жақыпова</p> <p>2.«Кітап оқитын колледж» 1-орын А.Садырбекова жет Қ.Жақыпова</p> <p>А.Әлібекұлы үздік авторлық өлең 1-орын жет.А.А.Жолдасова</p> <p>4.«Жұбан оқулары» 2-орын Б.Орынбасар жет. А.Темрешева</p> <p>5. А.Максимова 2-орын жет.А.А.Жолдасова</p> <p>Мукашева А. Интернет байқау 1-орын жет. А.Темрешева</p> <p>7. А.Мұсағалиева Алаш қайраткерлеріне арналған</p>

		жиын. жет.Б.М.Кәрімова
--	--	------------------------

Студенттердің жетістіктері

Студенттің аты-жөні	марапаты	Ұйым атауы	жетекшісі
Орынбасар Береке	ҚР Дарынды жастары Алтын төсбелгі	«Білім-Өркениет» ұлттық инновациялық ғылыми зерттеу орталығы	А.Ж.Темрешева
Орынбасаров Ермахан	Фариза оқулары 1-орын	Қалалық әкімдік	А.А.Жолдасова
Төлеген Сәттігүл	Қалалық шығармашылық байқау 3-орын	Орал қ. мәдениет және тілдерді басқару орталығы	Қ.Ү.Жақыпова
ҚалекесАқкерке	«Фараби әлемі» сертификат	Облыстық ғылыми-практикалық конференция	Б.М.Кәрімова
Мұхтар Шырын	1-орын	Облыстық байқау	А.С.Құраубай
Ж.Мажитов	I дәрежелі диплом	Республикалық «Даласазы» байқауында жоғары дәрежеде өнер көрсеткені үшін	Б.Б.Құрманғалиева

- СТУДЕНТТЕР ЖЕТІСТІКТЕРІ:

- Облыстық «Жастар мәдениет үйінің» ұйымдастыруымен өткен «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» атты жас ақындардың онлайн мүшайрасына Гумаров Нұрым Қайрболатұлы қатысып II орынды иеленді.
- 20-25.12.2020 «Білім шыңы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен 2-11 сынып оқушылары мен колледж студенттері үшін қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі бойынша «Алтын қыран – ерекше дарын иесі» зияткерлік олимпиадасына 1а КШР, 3а КШК топтарынан студенттер қатысып, төмендегідей нәтиже көрсетіп, дипломдармен марапатталды. (жетекшісі С.С.Жумиева)

1. Мукашева Аяулым Абаевна – II орын
2. Ешмурзиева Асылжан Талғатовна – III орын
3. Джангужиева Әдемі Нұрланқызы - III орын
4. Қаниева Гауһар Әлібиқызы - III орын
5. Абатова Меңсара Мейрамқызы - III орын
6. Жармухамбетова Айсулу Нурбулатовна - III орын
7. Мерекеқызы Гүлмаржан - III орын
8. Серикова Аружан Жалғасовна - III орын



Астана
Білім өркениеті
инновациялық
зерттеу
өткізген Елбасы
Н.Назарбаевтың
бағдар рухани



қаласында
ҰЛТТЫҚ
ҒЫЛЫМИ
орталығы
«Болашаққа
жаңғыру»



атты бағдарламалық мақаласын педагогтар мен студенттер және оқушылар арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткен «Мен сенемін жастарға» атты ІІ Республикалық жас ақындар мүшәйрасында За КШК тобынан А.Әлібекұлы (жетекшісі Қ.Ү.Жақыпова), ІІ дәрежелі Диплом, ЗсКШК-9 тобынан Ж.Мажитов пен М.Борис (жетекшісі Б.Б.Құрманғалиева) ІІІ дәрежелі дипломмен, Іп КШК-11 тобынан Н.Гумаров (жетекшісі С.К.Ізімова) ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталып, «Ұлы даланың дарыны» атты төсбелгімен куәлікке ие болып, өлеңдері «Мен сенемін жастарға» атты жинаққа енді.

31 наурызда Ақтөбе гуманитарлық колледжі мен Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталық ұйымдастырған Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған «Студентердің ғылыми ізденіс нәтижелері: талдау және мәселелер» ІІ халықаралық ғылыми-практикалық онлайн режиміндегі конференцияда За КШК топ студенттері Қалекес Акерке ІІ орын (жетекшісі Қ.Ү.Жақыпова), Жангужиева Әдемі ІІІ орын (жетекшісі С.С.Жумиева) иеленді.

Облыстық Ж.Жабаевтың 175 жылдығына орай техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттеріне арналған мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, ақынның шығармашылығын насихаттау арқылы қазақ мәдениетіне деген жастардың ықыласын арттыру, қазақстандық рухани бірлікті қуаттау мақсатында ұйымдастырылған «Жыр алыбы Жамбыл» атты қашықтық байқауы, Жангужиева Әдемі, Диплом (жетекшісі С.С.Жумиева), ІІ орын



«BILIM-ORKENIETI» Ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы» ұйымдастырған ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіз елдің тұтқасы-ұлттық рухым, Ана тілім, Туған жер» атты республикалық байқауына Зс КШК тобы студенттері А.Исаева мен Н.Болатжанқызы қатысып, төсбелгі, дипломмен марапатталды.(жетекшісі Б.Б.Құрманғалиева)

✓ ҚР Тұңғыш Президенті қоры сыйлығының иегері Qaztest.kz онлайн олимпиада сайтында республика мұғалімдерінің арасында қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай ұйымдастырылған ІІ Республикалық «Абай әлемі және рухани мұрасы» қашықтық олимпиадасы – І дәрежелі дипломмен,



✓ «Білім шыңы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен 2-11 сынып оқушылары мен колледж студенттері үшін Үштілділік бойынша «Алтын қыран – ерекше дарын иесі» зияткерлік олимпиадасына шәкірт дайындап, шығармашылық бағыт-бағдар көрсеткені үшін АЛҒЫС ХАТпен С.С.Жумиева марапатталады. Дарын.онлайн білім беру платформасы Qaztest.kz онлайн олимпиада сайт ұйымдастырған Республикалық пәндік қашықтық



олимпиадасы, II дәрежелі дипломмен А.Т.Қойшекенова марапатталды.

- ✓ Оқытушы Б.Құрманғалиева, А.Т.Қойшекенова КЕАҚ «А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ө.Сұлтанғазиев атындағы педагогикалық институты» Педагогика және психология кафедрасының ұйымдастырған Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағына баяндамалары енді.



2018 жылдың 7-8 қыркүйегінде Татарстан Республикасы Білім беру жүйесі өкілдерінің Батыс Қазақстан облысы мен Татарстанның өзара байланыс және ынтымақтастық өңіраралық бағдарламасы аясында "Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінде болып, Ғабдолла Тоқай атындағы Арск педагогикалық колледжімен білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.



2019 жылы 21-23 қаңтарда бірлескен ынтымақтастық жоспарына сәйкес Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің делегациясы, құрамында директордың стратегиялық даму жөніндегі орынбасары К. А. Исакова, оқытушылары Г. С. Нурашева, А. Б. Журекенова және Б. Н. Бакимов Татарстан Республикасының Ғ.Тоқай атындағы Арск педагогикалық колледжінде болып "Білім берудегі инновациялар: білім беру процесіне қашықтықтан цифрлық технологияларды енгізу тәжірибесімен» алмасу, бірлескен

ынтымақтастық жоспарына сәйкес колледж жұмысының негізгі бағыттарын білу үшін ІҮ Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысты.



2019 жылы 21-25 қазан аралығында «Академиялық ұтқырлық апталығы» аясында - бірлескен білім беру бағдарламаларын қамтамасыз етудің және білім беру сапасы мен студенттердің жеке дамуын арттырудың тиімді құралы ретінде Ғ.Тоқай атындағы педагогикалық колледж студенттері бір апта Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары колледж базсында болып, жаңартылған білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерімен өзар тәжірибе алмасты



2019 жылдың 30 қазанында Ресей Федерациясының Орынбор қаласындағы "Н.К.Калугин атындағы педагогикалық колледжбен білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасалды.



Колледжде әдістемелік жұмыстар бойынша кафедралардың онкүндіктері, ғылыми-практикалық конференциялар, әр түрлі форматтағы кездесулер өткізіліп келеді. Колледж өзін-өзі оқыту жобасы шеңберінде түрлі бағытта жұмыстар атқарады. Халықаралық, Республикалық, облыстық деңгейлерде түрлі семинарлар мен конференциялар өткізу дәстүрге айналған. «Колледж – өзін өзі оқытатын ұйым» жобасы арқылы оқытушылардың кәсіби құзыреттілігі мен метадағдыларын дамыту» мақсатында жұмыстанады.

«Жаһанша жолымен» ғылыми-экспедициялық жобасымен Туған өлкені зерттеу бойынша студенттердің зерттеу жұмыстары оздырылуда. Осы жоба шеңберінде біздің студенттер облыстың тарихи елді-мекендеріне, Ресей Федерациясының Орынбор, Татарстан Республикасының Қазан қалаларында іс-сапармен болды. Бұл жобаның ең үлкен нәтижесі

жыл сайын ұйымдастырылатын «Жаһанша оқулары» ғылыми-практикалық конференциясын өткізеді.

2019 жылдың 12 желтоқсан күні Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті Батыс қазақстан облыстық білім басқармасының Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі дәстүрлі «ЖАҒАНША ОҚУЛАРЫ» аясында «ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ ҰЛТТЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДА: XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ШИРЕГІ» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға облыстың республиканың ТжКББ ұйымдарының оқытушылары мен студенттері қатысты. Конференция жоғары деңгейде өткізілді. Жинақ жасалып, таратылды. Сертификаттар берілді.

2020 жылы 10-11 желтоқсан күндері ІІІ «Жаһанша оқулары» аясында «Алаш идеясы және ХХІ ғасыр Жастары» тақырыбында республикалық ғылыми-практикалық онлайн конференция өткізілді. Конференцияға облыстағы және республика колледждерінің оқытушылары мен студенттері қатысты. Республикалық ғылыми-практикалық онлайн конференциясы аясында «ТӘУЕЛСІЗДІК - ТҰМАРЫМ» тақырыбында студенттер арасында қашықтан шығармашылық байқау өткізілді.




Онлайн форматта өткен байқау екі бағытта өтті. «Ақындық өнер» бағыты бойынша 27 студент бақтарын сынап, нәтижесі республика деңгейінде жоғары бағаланды.

Байқауға М.Әуезов атындағы Семей педагогикалық колледжі, Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі, Жезқазған гуманитарлық колледжі, Каспий педагогика және салалық технологиялар колледжі, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті жанындағы көпсалалы колледжі, №1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық- педагогикалық колледжі, Есік гуманитарлық колледжі, Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі, Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледж студенттері қатысты. Байқау жоғары деңгейде өткізіліп, дипломдар берілді.



Студенттердің қашықтан өлең оқу сәтінен



2020-21 оқу жылы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен қазақтың ұлы ойшыл ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай «Абай мұрасы: абайтану ғылымы және ақын шығармаларын оқыту жолындағы жаңаша ізденістер» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференция ұйымдастырды. Қашықтан оқыту жағдайында ғылыми-практикалық конференцияны өткізудің өзіндік артықшылықтары-республикалық деңгейде ұйымдастыру мүмкіндігі, мектеп оқытушыларымен қатар ғалымдардың да қатыстыра отырып, конференцияның ғылымилық әлеуетінің артуы. Конференция абайтанушы ғалымдар мен олардың зерттеу еңбектерін зерделеу, ұрпақ тәрбиесінде Абайдың педагогикалық- психологиялық ілімін негізге алу, Абай шығармаларын оқытудағы жаңаша ізденістермен тәжірибе бөлісуді мақсат тұтты. Конференция жұмысына ЖОО профессорларымен қатар, колледж оқытушылары мен мектеп мұғалімдері де қатысты.

2021 жылдың 22 ақпанда «Музыкалық білім беру» кафедрасының ұйымдастыруымен Шыңғырлау ауданы балалар музыка мектебі оқытушыларына арналған «Музыкалық пәндерді оқытуда заманауи технологияларды қолдану» тақырыбында zoom қосымшасы арқылы онлайн семинар өткізілді. Семинар мақсаты- музыка мектептері оқытушыларына сабақ беруде заманауи жаңа технологияларды тиімді пайдалану әдістері мен жолдарын көрсету; өзара тәжірибе алмасу. Кафедраның жоғарғы санатты оқытушылары .Н.Бакимов «Sibelius ноталық редакторы», Б.М.Маликова, М.Т. Габбасова «Домбыра сабағын өткізуде оқытушының ұйымдастыру жұмысы», В.А.Кожевников «Программы PhotoScore и MuseScore для распознавания и написания нотного текста», Р.Ж.Куаншалиева «Вокалдық ән айту дағдыларын жетілдірудің кейбір әдіс-тәсілдері», Ескайров Қ.А. «Bandicam бағдарламасымен бейнесабақ түсіру» тақырыптарында қашықтан оқыту аясында вокал, домбыра сабақтарына оқушылардың қызығушылығын арттыру, әртүрлі компьютерлік бағдарламаларды музыка сабақтарында тиімді пайдалану жолдарын көрсетіп, өз тәжірибелерімен бөлісті. «Өнермен өрнектелген өмір» атты колледж студенттері мен ұстаздарына күйші, домбырашы, ұстаз, профессор, ҚР Мәдениет қайраткері, фольклортанушы Айтжан Тоқтағановпен және «Әуелеген ән қанатында» атты әнші, қазақ өнерінің қайраткері, мәдениет майталманы Есет Садуақасовпен кездесу кеші ұйымдастырылды. «Музыка сабағында жаңа компьютерлік бағдарламаларды қолдану» тақырыбында облыстық семинар-шеберлік сыныбы өткізілді.Семинар-шеберлік сыныбына музыка оқытушыларына жаңа компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жасау мүмкіндіктерін көрсету, түсіндіру мақсаты қойылса, оқытушылардың кәсіби шеберліктерін арттыру және оқушылардың пәнге деген қызығушылығын жаңа технологиялар арқылы ояту сынды міндеттер қойылды. Шараға - БҚО әкімдігі білім басқармасының Жаңақала ауданы білім беру бөлімінің «Қали Жантілеуов атындағы музыка мектебі» МКҚК, БҚО әкімдігі білім басқармасының Ақжайық ауданы білім беру бөлімінің «Балалар музыка мектебі» МКҚК, БҚО әкімдігі білім басқармасының Казталов ауданы білім беру бөлімінің «Казталов балалар музыка мектебі» МКҚК және БҚО әкімдігі білім басқармасының Казталов ауданы білім беру бөлімінің «Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК-ның басшылары мен оқытушылары қатысты

Колледж жанындағы «Білім» бейіні оқу-әдістемелік бірлестігімен бірігіп музыка кафедрасы «Музыкалық білім беру» мамандығы бойынша «Заманауи технологияларды оқу үрдісінде


қолдану мүмкіндіктері» тақырыбында zoom платформасы арқылы халықаралық ғылыми-практикалық онлайн- конференциясын өткізді.

2021-2022 оқу жылы ТЖКББ ұйымдардың педагогикалық мамандықтар және жалпы білім беру пәндері педагогтер арасында республикалық шеберлік конкурсына колледждің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Шагиева Нина Николаевна мен математика пәнінің оқытушысы Утегенова Айнур Тұраахметовна қатысып, «Тапқыр педагог» номинациясын алып, ҚР БЖҒМ Алғыс хатымен марапатталды.

Колледжде көп жылдан бері «Жайық Жастары» педагогикалық отряды (жетекшісі Р.М.Ғалымова) жұмыс жасайды. Биылғы 2022 жылы 17-19 сәуір аралығында "Тәлімгер" мамандығының 100 жылдығына және Балалар жылына орай Балдәурен Республикалық оқу-сауықтыру орталығында өткен "Балалық шақтың навигаторлары" атты педагогикалық жасақтардың Республикалық "Жайық жастары" слетіне қатысып, жүлделі 3-орын алды. Педагогикалық отряд жасақтаған көрме жоғары деңгейде бағаланып "Жаңашыл" номинациясымен марапатталды.

2020-21 оқу жылы Қазақстан Республикасы колледждерінің Топ – 100 студентін іріктеу 10-20 қазан аралығында «Талар» КЕАҚ сайтында онлайн-дауыс беру арқылы өткізілді. Жеңімпаздар қатарына 4-курстың 31 студенті арасында «Негізгі орта білім» мамандығының «Инфоматика» біліктілігі бойынша 4-курс студенті Қасым Алина 4-орынға ие болды. 2021-22 оқу жылы

2022-23 оқу жылы



Қашықтан оқыту кезінде оқу үрдісін ұйымдастыруда біздің ұжым республика, облыс деңгейінде алғашқылардың бірі болып мәселені шеуге белсенді кірісті. Республика бойынша колледж басшылары мен оқытушыларына әдістемелік көмектер ұйымдастырылды. Тәжірибе бөлісу мақсатына вебинарлар мен семинарлар өткізілді.

2020 жылы мамыр айында zoom бағдарламасы арқылы республикалық деңгейде «Қашықтан оқытуды ұйымдастыру: Жаңа формат. Тиімді жүйе» тақырыбында республикалық іс-тәжірибе алмасу және әдістемелік көмек беру бағытында Алматы облысы білім беруді дамыту әдістемелік орталығы, Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық колледжімен бірлесіп вебинар өткізілді.

2020-2021 оқу жылы колледж ұжымы әлеуметтік серіктестермен, Орал қаласының білім беру бөлімімен бірлесе отырып, қаламыздағы 51 мектептің басшыларына арналған «Өзгерістерді басқару. Цифрлық кеңістіктегі білім беру үрдісін басқару» атты семинар-кеңес және «Білім берудегі заманауи трендтер» тақырыбында вебинар өткізілді.

Онлайн форматта ZOOM конференциясында өткізілген аталмыш шараға Орал қаласының білім беру бөлімінің басшысы А.М.Темирханова модераторлық жасаса, шараға арнайы колледж директоры, педагогика ғылымдарының докторы С.М.Бахишева мен директордың орынбасарлары қатысып, өз баяндамаларын оқыды.



Жылдамдық 2020 жыл	БАҒДАРЛАМАСЫ
14:00-15:10	Ағым өлеңі А.О.Хамзина Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы МІТ аймақтық мамандандырылған маман-педагогтардың даярдауы
15:10-15:40	Өзгерістер жағдайына қарай мұғалімнің педагогикалық дамуы С.М.Бекжанова Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі директоры, п.э.д. А.Давлетова
15:40-15:50	Уақыттың цифрлық кеңістіктегі арнасы жасау мүмкіндіктері А.М.Бекжанов Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі директорының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, п.э.д.магистрі
15:50-16:30	Табияқты болу үшін көрі байланыс алу З.Г.Мұхтар Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі директорының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары «Көрі байланыс алуға цифрлық ресурстары қолдану үздіктері» шеберлік-сайыптары 1. LearningApps, Quizizz, GeoGebra цифрлық ресурстары А.Т.Түтенова, мәдениеттану жөніндегі оқытушысы, п.э.д. магистрі

2021-2022 оқу жылы Орал политехникалық колледжінде Батыс Қазақстан облысының Білім басқармасы Білім беруді дамыту орталығының жұмыс жоспарына сәйкес және «Самғау» ТЖКОББ ұйымдары жас педагогтар клубының ұйымдастыруымен **"Көптілділік: Еңбек нарығы. Өзгермелі кезең. Өрлеу."** тақырыбындағы өткен ғылыми-практикалық конференцияға қатысты. Конференцияның пленарлық отырысында «Қазақстандағы көптілді білім беру және CLIL технологиясы» (Ш.Е.Мухтарова), секцияларда «Multilingualism and features of personnel training» (А.Б. Сатыбалдиева), «Использование ЦББР на уроках иностранного языка» (Д.А. Давлеткалиева), «The Role of Gamification in development of Multilingual Education» (А.Е. Давлетова) баяндамалары оқылды.

Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 2022 жылдың 20 мамырында ұлт көсемі А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай, «Ахмет Байтұрсынұлы тағылымы: ізденіс, тәжірибе және перспектива» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қатысты. (Б. Д. Сағатова, А.Т. Даулеткалиева)

Атырау облысы Білім беру басқармасының Әдістемелік орталығы өткізген «Оқытушының кәсіби шеберлігі. Педагогтің тәжірибесіндегі зерттеулер» FUTURE SEARCH конференциясына «Медиасауаттылық - заманның басты талабы» қатысты. 10.10.2021ж. «Ыбырай Алтынсарин-халық педагогикасы және заманауи білім беру» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАРА ҰСТАЗЫ» (А.Т. Даулеткалиева) (Ыбырай Алтынсарин) атты мақаласымен қатысып сертификат алды.

2021-22 оқу жылы Орал қаласының жоғары гуманитарлық-экономикалық колледжінде «Baby Skills жобасы» жүзеге асырылды. Осы шараның негізгі мақсаты - мектеп жасына дейінгі балалардың әртүрлі кәсіптер мен қызмет салаларындағы бастапқы дағдыларды көп сатылы алуы (ерте кәсіптік бағдарлау сынамаларының полигонын құру).

«BabySkills» жобасы бойынша Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінен «Бастауыш сынып мұғалімі», «Мектепке дейінгі тәрбие», «Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі» құзыреттіліктері бойынша 5 студент қатысты.

«Бастауыш сынып мұғалімі» құзыреттілігі бойынша Макулова Жансая Рысқалиқызы 3 курс (жетекшісі Л.С.Есенова), Зюзь Ирина Валентиновна 3 курс (жетекшісі А.К.Джумағазиева);

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» құзыреттілігі бойынша Ізімғали Зарина Аршатайқызы 4 курс (жетекшісі Н.Е:Нурланбаева), Плигунова Камила Олеговна 3 курс (жетекшісі А.Б.Сарсенғалиева), «Дене тәрбиесі және спорт» құзыреттілігі бойынша Абат Ермахан 4 курс (жетекшісі А.А.Муратбекова) қатысты.



Нәтижесінде:

«Бастауыш сынып мұғалімі» құзыреттілігі бойынша Макулова Ж.Р. I Дәрежелі Диплом, Зюзь И.В. II Дәрежелі Диплом; «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» құзыреттілігі бойынша Ізімғали З.А. I Дәрежелі Диплом, Плигунова К.О. II Дәрежелі Диплом, «Дене тәрбиесі және спорт» құзыреттілігі бойынша Абат Е. I Дәрежелі Дипломға ие болды. Ал жетекшілеріне «Алғыс хат» табысталды.



Білім алушыларды бәсекеге қабілетті және құзыретті маман етіп қалыптастыруда кәсіби өсудің маңызы зор. Осы бағытта колледж студенттері өңірлік WorldSkills чемпионатына қатысып, өз құзыреттіліктерін көрсетіп жүр.

2020-21 оқу жылы «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандық бойынша өңірлік чемпионатқа қатысқан студенттер А.Уразғалиева жүлделі 2-орынды және «Графикалық дизайн» құзыреттілігі бойынша Н.Кожабаяев 3-орынды иеленсе, **2021-22 оқу жылы** 3курс студенттері Данова Сандуғаш пен Құрманбаева Аяулым жүлделі 2-орынды иеледі.

2021-22 оқу жылы Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының ұйымдастыруымен «WorldSkills Kazakhstan» өңірлік чемпионатында «Дене тәрбиесі және спорт құзыреттілігі бойынша мамандықта білім алатын студенттер 2 а КШФ тобынан Какимжанова Аягөз (жетекшісі А. Сырым), 4 а КШФ тобынан Абат Ермахан (Жетекшісі А. А. Муратбекова) қатысты. «WorldSkills Kazakhstan» өңірлік чемпионатының нәтижесі бойынша «Дене тәрбиесі және спорт құзыреттілігі бойынша I дәрежелі дипломды 4 а КШФ тобының студенті Абат Ермахан (жетекшісі Муратбекова А.) жеңіп алды.

Қосымша 53. Оқытушылар мен



студенттер жетістігі

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы
«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 124 бұйрығында
белгіленген қосымшалар:**

- 10-Қосымша: Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер;*
11-Қосымша: Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және мед.лицензия туралы мәліметтер;
12-Қосымша: Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер;
13-Қосымша: Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базаның болуы туралы мәліметтер;
14-қосымша: Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдары;

Ақпараттық және кітапханалық қамтамасыз ету

Колледж кітапханасында студенттердің мемлекеттік білім стандартына сай, білім алуына және білімдерін толықтыруға барынша жағдай жасалған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №91 бұйрығына (29.07.2020 ж. жаңартылған) сәйкес, мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын негізге ала отырып, колледжде кітапханалық және ақпараттық жұмыс ұйымдастырылған.

Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж кітапханасы оқу корпусының 1 қабатында орналасқан. Кітапхананың жалпы көлемі 83, 4 кв метр. Оқырмандарға қолайлы қызмет көрсету мақсатында оқу залы және абонемент бөлімдеріне бөлінген. Оқырман залының көлемі 58,4 м. Залдағы орын саны 50, компьютер саны 8. Кітапханада штаттық кесте бойынша 2 адам жұмыс істейді.

Колледж кітапханасындағы оқу әдістемелік және ғылыми әдебиеттерінің жалпы саны 61499 дана басылымды құрайды. Оның ішінде 57783 данасы оқулықтар, 3473 дана көркем әдебиет, 243 ғылыми – әдебиеттер. (*17-қосымша. Оқу, көркем және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәліметтер қоса берілді*)

Кітапхана қорын жабдықтау мен өңдеу процесін жүйелеуге, электронды каталогтарының мәліметтер базаларын құруға және олардың ақпаратты іздеуін қамтамасыздандыруға 2019 жылдың 28 қарашасында кітапхананың жұмыс жүйесіне «КАБИС» (автоматтандырылған ақпараттық-кітапханалық бағдарламасы) бағдарламасы іске қосылды. Кітапханада «КАБИС» бағдарламасының іске қосылуына байланысты студенттердің бүгінгі заман талаптарына сай білімдерін жетілдіріп, заманауи ақпараттық технологияны толық меңгеруіне мүмкіндіктер жасалып отыр.

«Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқада қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электронды тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2021 жылдың 10 маусымдағы №286 бұйрығы негізінде, колледж кітапхана қоры «КАБИС» бағдарламасына толық енгізіліп, электронды каталог арқылы толық мәтінді қор жинақталды. Сонымен қатар, студент жастардың кітап оқу мүмкіндігін кеңейту мақсатында Colleg SmartNation порталында оқулықтар тізімі салынды. Студент кез келген уақытта барлық мамандықтар бойынша оқулықтар мен оқу – әдістемелік әдебиеттер, әлемдік бестселлерлер, электронды оқулықтарды пайдаланып, оқи алады.

Сонымен қатар, колледж оқытушылары жаңартылған білім бағдарламалары негізінде құрылған оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеп, колледж типографиясынан және облыстық, республикалық баспа үйлерінен басылып шығарылады. (*Оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер қоса беріледі*).

17-Қосымша: Оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер.

2017-2022 жылдары педагог кадрлардың біліктілік арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтер

18-Қосымша: Оқытылатын пәннің бейініне сәйкес соңғы бес жылда кадрлардың біліктілік арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтер;

19-Қосымша: Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы;

20-Қосымша: Ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер.

18. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар.

1) МЖМБС белгіленген білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы және сәйкестігі.

2) МЖМБС талаптарына сәйкес күндізгі оқу нысаны кезіндегі міндетті апталық оқу жүктемесін сақтау: оқу орнында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығының «білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптары» атты 3-тарауына сәйкес студенттердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі күндізгі оқыту нысанында міндетті оқу жүктемесін – аптасына кемінде 36 сағат, сондай-ақ факультативтік сабақ пен консультацияны қоса алғанда 54 сағаттан аспайды (*әр мамандық бойынша жұмыс-оқу жоспарының көшірмелерінде айқындалып көрсетілген*).

2) ТЖКБ ОЖЖ және МЖМБС талаптарына сәйкес оқу жылының ұзақтығын сақтау.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығына сәйкес әрбір оқу жылына арналған міндетті оқу уақытының көлемі 60 кредит/1440 сағатты құрайды. Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгеретін оқыту нәтижелері бойынша кредитпен/сағатпен өлшенеді. 1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең (*әр мамандық бойынша жұмыс-оқу жоспарының көшірмелерінде айқындалып көрсетілген*).

3) МЖМБС талаптарына сәйкес оқу уақытының көлемін сақтау.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығына сәйкес әрбір оқу жылына арналған міндетті оқу уақытының көлемі 60 кредит/1440 сағатты құрайды. Колледжде әр мамандық бойынша білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдері біліктіліктердің күрделілігіне мен санына байланысты және Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының модельдеріне сәйкес көзделген кредиттер/сағаттардың көлемімен айқындалады (*әр мамандық бойынша жұмыс-оқу жоспарының көшірмелерінде айқындалып көрсетілген*).

19. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

1) білім беру деңгейіне сәйкес білім беру бағдарламаларының мазмұнымен, базалық және кәсіптік құзыреттіліктермен айқындалатын білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптарды сақтау:

Кәсіптік білім беру мазмұны білім беру бағдарламаларымен анықталады және оқыту нәтижелеріне бағдарланады. Педагогикалық мамандықтар бойынша орта буын мамандарының деңгейі үшін:

1) жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндер немесе жалпы білім беретін пәндерді, базалық және кәсіптік модульдерді зерделеуді;

2) практикалық сабақтарды орындауды;

3) кәсіптік практикадан өтуді;

4) мамандық ерекшеліктеріне сәйкес курстық және дипломдық (жазбаша немесе практикалық) жұмысты орындауды;

5) аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өтуді көздейді.

Колледждің білім алушыларын қорытынды аттестаттау жалпы кәсіби және мамандықтар бойынша арнайы пәндер (модульдер) бойынша қорытынды емтихандар тапсыруды немесе арнайы пәндердің (модульдердің) бірінде қорытынды емтихан тапсыру арқылы диплом жобасын жұмысын орындауды және қорғауды қамтиды. Қорытынды аттестаттау оны өткізудің алдын ала бекітілген кестесі бойынша өткізіледі. Қорытынды аттестаттауға академиялық қарызы жоқ және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын толық көлемде меңгерген білім алушылар жіберіледі. Оқу орнында білім алушыларды қорытынды аттестаттау, оның ішінде қашықтықтан оқыту арқылы қорытынды аттестаттау оқу процесінің кестесінде көрсетілген мерзімде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында белгіленген оқу жұмыс жоспарларының нысандары бойынша өткізіледі. Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен ресімделеді. Пәндер (модульдер) бойынша қорытынды емтихандар оқу бағдарламаларына сәйкес: бірнеше арнайы пәндер немесе кәсіптік модульдер бойынша сұрақтарды қамтитын ауызша, жазбаша, кешенді емтихан нысандарында өткізіледі. Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі апта бұрын білім алушылар қорғауға жіберілген дипломдық жұмыстарды рецензиялармен және презентациялық материалдармен ұсынады. Қорытынды аттестаттау комиссиясының отырысы тиісті хаттамамен ресімделеді, оған комиссия төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды (*қорытынды аттестаттау хаттамаларының көшірмелері қоса беріледі*).

Қосымша 54. 2018-2022 жылдар аралығындағы қорытынды аттестаттау емтиханының хаттамалар көшірмелері;

Қосымша 55. 2018-2022 ж. қорытынды аттестаттау емтиханының кестесі.

2) бітіруші курстардағы білім алушылардың құзыреттілігіне

қойылған талаптардың (базалық және кәсіби) оқу нәтижелерін бағалау немесе жалпы білім беретін пәндерді және (немесе) кәсіптік модульдерді немесе жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді меңгеру деңгейін МЖМБС сәйкестігін бағалау.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 124 бұйрығының «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» атты 2-тарауына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары тест тапсырмаларын білім беру бағдарламалары шеңберінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген тиісті деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес дербес әзірлейді және тестілерді өткізу нысанын таңдайды делінген. Әр мамандық бойынша жалпы кәсіптік пәндер қатарынан педагогика пәні және арнайы пәндер қатарынан 300 сұрақтардан тұратын тест базасы әзірленіп, бекітілді.

2022 жылдың 11 - 13 қазан күндері бітіруші топтардың білім алушылары (барлығы 558 студент) оқу нәтижелерін бағалау тестін тапсырды, колледж бойынша білім сапасы 91,3 пайызды құрады (*тест сұрақтары, тесттен өту графигі және білім алушылардың білім*

сапасын, іскерлігін, дағдылары мен құзыреттерін бағалау ведомостарының көшірмелері қоса беріледі).

Қосымша 56. Білім алушылардың білім сапасын, іскерлігін, дағдылары мен құзыреттерін бағалау тестінің сұрақтары;

Қосымша 57. Білім алушылардың тесттен өту графигі;

Қосымша 58. Білім алушылардың білім сапасын, іскерлігін, дағдылары мен құзыреттерін бағалау ведомостарының көшірмелері.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 124 бұйрығының «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» атты 2-тарауының 22-қосымшасына сәйкес бітіруші курстардағы білім алушылардың құзыреттілігіне қойылған талаптардың оқу нәтижелерін бағалау немесе кәсіптік модульдерді немесе жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді меңгеру деңгейін Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігін бағалау үшін бітіруші курс білім алушыларының тестілеу нәтижелері шығарылды (*бітіруші курс білім алушыларының тестілеу нәтижелері қоса беріледі*).

Қосымша: 22-Қосымша. Бітіруші курс білім алушыларының тестілеу нәтижелері.

20. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар: МЖМБС талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын меңгеру мерзімдерін сақтау.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығына сәйкес әрбір оқу жылына арналған міндетті оқу уақытының көлемі 60 кредит/1440 сағатты құрайды. Колледжде әр мамандық бойынша білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдері біліктіліктердің күрделілігіне мен санына байланысты және Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының модельдеріне сәйкес көзделген кредиттер/сағаттардың көлемімен айқындалады (*әр мамандық бойынша жұмыс-оқу жоспарының көшірмелерінде айқындалып көрсетілген*).

3-Қосымша: 1.9 Түлектердің жұмысқа орналасуы және жұмыспен қамтылуы

Колледж әкімшілігі түлектерді жұмыспен қамту және жұмыс істеп жүрген жас мамандардың педагогикалық қалыптасу, даму үрдісін анықтап, әдістемелік көмек көрсету мәселелеріне де зор көңіл бөледі. Ол жұмыстар аудандық білім беру бөлімдері, жекеленген мектептермен байланыс жасау арқылы жүзеге асады. Еңбек нарығындағы педагог мамандарға сұраныстарды анықтау мақсатында аудандық, қалалық білім беру мекемелерімен байланыс орнатып, бос орындар, яғни педагогикалық кадрларға сұраныс жағдайы туралы мәліметтер жинақталып, сараланады. Ол мәліметтер топ жетекшілер арқылы бітіруші түлектер назарына ұсынылды. Сонымен қатар жоғарғы оқу орындарына қабылдау туралы мәліметтер беріледі. Түлектердің еңбек нарығының жағдайын сараптау, талдау, өзін өзі жариялау, әлеуметтік-психологиялық жағдаяттарды шешу мәселелері бойынша кеңестер өткізіледі.

Колледж жыл сайын түлектердің таңдаған мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға мүмкіндік беретін бос орынға жәрмеңке ұйымдастырады. Отырысқа Батыс Қазақстан облысы білім басқармасы, Орал қаласы білім беру бөлімі, Орал қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы, аудандық білім беру бөлімінің басшылары қатысады. Жәрмеңке барысында түлектер жеке түйіндемелерін дайындайды, жұмыс берушілермен әңгімелесеуге мүмкіндік алады, әлеуметтік бағдарламалар мен білім басқармасының мамандарынан кеңес алады. Барлық мамандық бойынша бітіруші түлектердің тұрғылықты мекен-жайына сәйкес өз аудандарына алдын-ала жұмысқа орналастыру мүмкіндігі қарастырылады. Түлектердің 70-78% пайызы бітірген жылы өз біліктілігімен, мамандығымен жұмысқа орналасады.

Сонымен қатар білім беру мекемелерінде әр жылда колледжді бітіріп, жұмыс жасап жүрген түлектермен байланысты дамыту және жақсарту, түлектердің интеллектуалды қорын арттыру, еңбек нарығында қажетті білікті кадрларды дайындауға көмектесу, жас кәсіби мамандардың

жұмысқа орналасуына мотивация беру мақсатында колледжімізде «Түлектер ассоциациясы» құрылып, жұмыс жасауда.

Жұмыс берушілер колледж түлектерін кәсіби даярлау және біліктілікті иемденуің бағалау кезеңінде сапаны тәуелсіз бағалауға қатысады. Жұмыс берушілер қорытынды аттестацияның уақытында мемлеттік емтихан төрағасы ретінде жұмыс берушілер шақырылады, атап айтатын болсақ, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша № 37 «Жұлдыз-ай» МДҰ директоры – Абилова.А.А, «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша №2 БЖСМ директоры - Жанғалиев Е.К және т.б.

Түлектерге жұмысқа орналасу үшін қосымша білім алуына мүмкіндіктер қарастырылып, ҚР ҰКП Атамекен орталығынан «Кәсіпкерлік қызмет негіздері» тақырыбындағы 36 сағаттық курсынан 651 студент өтіп, өздерінің бизнес жобасын жасау жолдарын меңгерді. 2019-2020 оқу жылының бітіруші түлектері 0105013"Бастауыш білім беру мұғалімі"- біліктілігі бойынша 76 студент (42 сағат), 0111083"Шетел тілі мұғалімі" біліктілігі бойынша (орыс тілінде), – 25 студенті (42 сағат), 0103023"Дене тәрбиесі және спорт мұғалімі" біліктілігінің 19 студенті (42 сағат), 0108013"Мектепке дейінгі және негізгі орта білім беру ұйымдарындағы музыка пәнінің мұғалімі" біліктілігінің 16 студенті (70 сағат көлемінде) «Жаңартылған білім беру мазмұны ерекшеліктері» тақырыбындағы курсынан өтті.

Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі (түлектердің жұмысқа орналасуы туралы мәлімет)

5 жылдағы колледж түлектерін жұмысқа орналастыру туралы келесі кестеде көрсетілген.

2018 -2022 жылдарындағы түлектерді жұмысқа орналастыру қорытындысын салыстырмалы талдау

Мамандықтар	2017-2018		2018-2019		2019-2020		2020-2021		2021-2022	
	Барлығы	Жұмысқа орналасқандар, %	Барлығы	Жұмысқа орналасқандар, %	Барлығы	Жұмысқа орналасқандар, %	Барлығы	Жұмысқа орналасқандар, %	Барлығы	Жұмысқа орналасқандар, %
0105000 Бастауыш білім беру. 0105013 Бастауыш білім беру мұғалімі	95	94 / 99%	83	52/ 63%	130	105 / 81 %	112	94 / 84 %	59	48 / 81 %
0101000 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» 0101013 Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі	110	96/ 87%	107	72 / 67 %	158	115/ 73 %	107	76 / 71 %	120	102/ 85%
0111000 «Негізгі орта білім беру» 0111013 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	23	20/ 87 %	70	48 / 69 %	26	18 / 70 %	4	1/ 25 %	48	28 / 58 %
0111023 Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі	20	20/100	-	-	27	25/ 93%	12	6/ 50%	-	-
0111000 «Негізгі орта білім беру» 0111083 Ағылшын тілі мұғалімі			38	29 / 76%	36	26/ 72 %	39	34 / 87 %	40	34 / 85 %
0103000 «Дене тәрбиесі және спорт» 0103023 Дене тәрбиесі және спорт пәнінің мұғалімі	18	14/ 78%	59	28 / 48 %	82	46 / 56 %	25	13 / 52 %	48	38 / 80 %
0103000 Дене тәрбиесі және спорт. 0103033 Спорт жаттырушысы оқытушы	19	16/ 84%	36	14/ 39%	44	27 / 62 %	-	-	30	27 / 90%
0111000 «Негізгі орта білім беру» 0111053 Өзін-өзі тану мұғалімі			1	1/ 100%	2	1/ 50%	1	0%	-	-
0107000 «Технология»	45	43/ 95%	11	7/ 64 %	15	4 / 27 %	38	34 / 90%	13	12 / 92 %

0107013 Технология пәнінің мұғалімі / 0110600 «Көркем еңбек										
0106000 «Бейнелеу өнері және сызу 0106013 «Бейнелеу өнері және сызу мұғалімі	-	-	28	17/ 61%		-	-	-	-	-
0108000 Музыкалық білім беру 0108013 Мектепке дейінгі және негізгі орта білім беру ұйымдарындағы музыка пәнінің мұғалімі	17	14/ 82%	53	39 / 74 %	32	28 / 88%	10	7 / 70%	51	46 / 90 %
0111000 «Негізгі орта білім беру» 0111096 Информатика мұғалімі			-	-	-	-	61	55/ 91%	-	-
0111000 «Негізгі орта білім беру» 0111063 Математика мұғалімі	35	35/ 100%	52	38/73 %	-	-	28	28/100 %	-	-
0111000 «Негізгі орта білім беру» 0111073 Физика мұғалімі	39	39/ 100%	-	-	-	-	31	30/ 97 %	-	-
0511000 «Туризм», 05110431 Менеджер»		-	29	22/ 76%	-	-	-	-	23	15/ 65%
135023 Техник-бағдарламашы	26	26/100%			-	-	-	-	-	-
ҚОРЫТЫНДЫ	447	414/ 93%	567	369/65%	552	395/72%	468	378/ 80%	432	350 / 81%

5 жылға арналған түлектерді жұмысқа орналастыру қорытындысы бойынша колледж түлектерінің мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі, технология, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, бастауын білім беру мұғалімі (орыс тілінде) біліктіліктері БҚО білім беру қызметі нарығында сұранысқа ие екенін көрсетеді.

Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі (түлектердің жұмысқа орналасуы туралы мәлімет)

5 жылдағы колледж түлектерін жұмысқа орналастыру туралы келесі кестеде көрсетілген.
2018 -2022 жылдарындағы бюджет топтарыны түлектерінің жұмысқа орналасу қорытындысын салыстырмалы талдау

Мамандықтар / Біліктіліктер	2017-2018		2018-2019		2019-2020		2020-2021		2021-2022	
	Барлығы	Жұмысқа орналасқандар, %	Барлығы	Жұмысқа орналасқандар, %	Барлығы	Жұмысқа орналасқандар, %	Барлығы	Жұмысқа орналасқандар, %	Барлығы	Жұмысқа орналасқандар, %
0105000 Бастауыш білім беру. 0105013 Бастауыш білім беру мұғалімі	25	25/100%	22	16/77%	50	49/99 %	50	48/96 %	24	18 /75%
0101000 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» 0101013 Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі					50	42/84 %	23	22 /96%	50	39/ 78%
0111000 «Негізгі орта білім беру» 0111013 Қазақ тілі мен әдебиеті			25	18/72%	-	-	-	-	23	18/78 %

мұғалімі										
0111023 Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі	20	20/100%			25	21/87 %	-	-	-	-
0111000 «Негізгі орта білім беру» 0111083 Ағылшын тілі мұғалімі			25	20/80%	25	22/88 %	24	22/92 %	-	-
0103000 «Дене тәрбиесі және спорт» 0103023 Дене тәрбиесі және спорт пәнінің мұғалімі	-		21	12/57%	-	-	-	-	24	21/88 %
0103000 Дене тәрбиесі және спорт. 0103033 Спорт жаттырушысы оқытушы			23	8/35%	25	19 /76%	-	-	24	22/ 92%
0107000 «Технология» 0107013 технология пәнінің мұғалімі	23	23/ 100 %				-	25	23 /92%	-	-
0106000 «Бейнелеу өнері және сызу» 0106013 «Бейнелеу өнері және сызу» мұғалімі	-	-	25	15/ 60%		-	-	-	-	-
0108000 Музыкалық білім беру 0108013 Мектепке дейінгі және негізгі орта білім беру ұйымдарындағы музыка пәнінің мұғалімі	-		25	16/64%		-	-	-	46	42/ 91%
0111000 «Негізгі орта білім беру» 0111096 Информатика мұғалімі	-					-	50	47 /94%	-	-
0111000 «Негізгі орта білім беру» 0111063 Математика мұғалімі	25	25/ 100 %	25	21/84%		-	25	25/100 %	-	-
0111000 «Негізгі орта білім беру» 0111073 Физика мұғалімі	25	25/100%				-	25	24/96 %	-	-
0511000 «Туризм», 05110431 Менеджер»	-		25	18/72%		-	-	-	23	15/65 %
135023 Техник-бағдарламашы	25	25/100%								
ҚОРЫТЫНДЫ	143	143/100%	216	144/67%	175	153/87%	222	211/ 95 %	214	175/ 82%

Қосымша 59. Түлектердің жұмысқа орналасуы туралы мәліметтер;

Қосымша 60. Түлектер ассоциациясы туралы құжаттар;

Қосымша 61. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясын құру туралы бұйрық көшірмесі.

Кәсіби білім беру қызметтерін көрсету бойынша оқу орнының қызметінің кешенді талдауы, негізгі тұтынушылардың (студенттер мен олардың ата-аналары), колледж түлектерінің, әлеуметтік серіктестіктер мен Қазақстан Республикасы, алыс және жақын шет елдер білім беру ұйымдары өкілдерінің пікірлері колледждің Қазақстан Республикасының білім кеңістігінде көшбасшылық орнын растайды. Оқытудың жаңа технологияларын оқу-тәрбие процесіне енгізіп, білім беру қызметін көрсету бойынша жоғары сапаны қамтамасыз етіп жүрген оқу орны Қазақстан Республикасы техникалық және кәсіптік білім беретін оқу

орындарының алдыңғы қатарына кіреді. Колледж түлектері еңбек нарығында еркін бәсекеге түсіп, Қазақстанның білім беру ұйымдарында жемісті еңбек етуде.

Бүгінгі таңда колледж ТЖКБ бәсекеге қабілетті оқу орындарының бірі болып табылады, ол төмендегі жетістіктерімен ерекшеленеді:

- МЖМБС және санитарлық ережелер мен талаптарға сай мықты материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілген;
- оқытудың заманауи технологияларын қолданатын білікті педагогикалық құрамы бар;
- колледж түлектері еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие;
- жақын және алыс шет елдердегі ірі оқу және ғылыми орталықтармен шығармашылық байланысты кеңейткен және нығайтқан;
- әлеуметтік әлсіз топтағы білім алушыларға жеңілдіктер қарастырылған;
- заманауи компьютерлік және интерактивтік құралдары бар және ұдайы толықтырылып отырады;
- заманауи электрондық кітапханасы бар;
- колледждің басқару процесін одан әрі жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарға ие.

Колледж жергілікті бюджет, республикалық бюджет және колледждің жеке қаражаты сияқты қаржыландырудың негізгі түрлерін ұтымды пайдаланады. Қаражаттың көп бөлігі студентке орталықтандырылған білім мен тәрбие беруге, дәрісханалық қорды жөндеуге, оқу корпусында ортаның жалпы эстетикалық жақсаруына және аумақтың абаттандырылуына жұмсалады. Оқытуда инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану үшін жағдайлардың жақсаруы компьютерлік құрал-жабдықтардың одан әрі дамуымен байланысты.

Комиссия құрамы МКҚК Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 3 тамыздағы №634 бұйрығына қосымша Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарының 4-параграфына, бағалау өлшемшарттарына 10, 11, 12, 13, 14, 17, 18, 19-қосымшаларына сәйкес өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізді.

Тест тапсырмалары бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті Батыс Қазақстан облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне олардың қызметкерлерінің байқаушы ретінде қатысуы үшін қолдау хат, бітіруші топтардың тізімі, тест тапсыру графигі жолданды.

Өзін-өзі бағалау қорытындысы кезектен тыс №2 педагогикалық кеңесте қарастырылды және білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілді.

Қосымша 62. Педагогикалық кеңес хаттамасы

Аттестаттау комиссиясының материалдарын негізге ала отырып, төмендегі **қорытынды** жасалды:

«Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі» МКҚК Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 3 тамыздағы № 634 бұйрығына қосымша Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес колледждің кәсіби білім беру жүйесін «uzdik» деп бағалап, колледждің өзін-өзі бағалау қорытындысы «Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ-не ұсынылды.